

Элективті пәндер каталогы (Пәннің қысқаша мазмұны)

(Қабылдау жылы: 2025 жыл)

ББ шифры және атауы: 6B02304- Филология: қазақ филологиясы

№	Пән атауы	Оқытудың мақсаты	Қысқаша сипаттама	Пререквизиттер/ Постреквизиттер	Дублин дескрипторлары
1-курс					
1	Шетел тілі	Студенттердің академиялық, кәсіби және әлеуметтік салаларда тиімді қарым-қатынас жасауына қажетті шетел тілін меңгерудің базалық және кәсіби маңызы бар коммуникативтік дағдыларын қалыптастыру, тілдік материалды ауызша және жазбаша түрде түсіну мен қолдану қабілетін дамыту, сондай-ақ мәдениетаралық құзыреттілікті жетілдіру.	Пән «Шетел тілі» - бұл ағылшын тілін шетел тілі ретінде меңгеруді студенттерге арналған оқу курсы, және олардың бастапқыдан жоғары деңгейге дейінгі дайындық деңгейіне сәйкес тілдік құзыреттілігін кезең-кезеңімен дамыту мен жетілдіруге бағытталған. Бұл курс студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға, сондай-ақ шетел тілінде тыңдап түсіну, сөйлеу, оқу және жазу дағдыларын академиялық, кәсіби және әлеуметтік контекстерде дамытуға бағытталған кешенді бағдарлама болып табылады. Тілдің түрлі қатынас салаларында — оқу қызметінен бастап кәсіби коммуникация мен күнделікті әлеуметтік қарым-қатынасқа дейін — практикалық қолданылуына ерекше назар аударылады. Курс мәдениетаралық коммуникация дағдыларын, сыни ойлау қабілетін дамытуға және студенттерді кәсіби әрі академиялық ортада тиімді қарым-қатынас жасауға дайындауға септігін тигізеді.	Пререквизиттер: Шетел тілі базалық білім Постреквизиттер: Шетел тілі Жалпы еуропалық стандартқа (CEFR) сәйкес.	А)Академиялық, кәсіби және әлеуметтік контексттерде әртүрлі күрделілік деңгейіндегі мәтіндерді, соның ішінде аудиоматериалдарды еркін тыңдап түсіну. В)Түрлі өмірлік және оқу жағдайларында ауызекі ағылшын тілін түсіну үшін тыңдалым дағдыларын қолдану. С)Таныс және академиялық тақырыптар бойынша өз ойын жеткізіп, сұрақтар қойып, оларға жауап бере отырып, тиісті лексика мен грамматиканы пайдалану арқылы ауызша қарым-қатынасқа тиімді қатысу. Д)Өзінің кәсіби саласына сәйкес терминологияны дұрыс қолдана отырып, қысқаша жазбаша жұмыстар (электрондық хаттар, жазбалар, эсселер) дайындау. Е)Шетел тілін меңгеру деңгейін өз бетінше арттыру үшін заманауи технологиялар мен ресурстарды пайдалану.

2	Қазақ (орыс) тілі	Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде маңыздылығы мен құндылығын арттыру, болашақ маман иесінің қазақ тілін қоғамдық өмірдің ғылыми, әлеуметтік-мәдени, саяси салаларында қарым-қатынас құралы ретінде қолдана алу құзіреттілігін қалыптастыру.	Пән үштілділік пен ұлттық сананы рухани жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру аясында орыс тілінде және коммуникация саласында танымдық және коммуникативтік қызметті жүзеге асыра алатын студенттің тілдік тұлғасын дамытуға; қойылған мақсатқа сәйкес белгілі бір сертификаттау деңгейіндегі лексикалық, грамматикалық және прагматикалық материалдарды қолдана отырып, күнделікті, әлеуметтік-мәдени, ресми іскери мәтіндерді жалпыға бірдей қабылданған нормаларға, функционалдық бағыттарға сәйкес құруға бағытталған.	<p>Пререквизиттер ЖОББМ қазақ тілі</p> <p>Постреквизиттер: пәнді оқу барысында алған білімдері, біліктері мен дағдылары мамандықтардың тиісті пәндерін меңгеру үшін қажет.</p>	<p>А) Қазақ тілінің функционалдық стильдері мен коммуникативтік қолданыс аясын теориялық тұрғыда біледі; морфология, синтаксис, сөз қолдану нормалары, стилистика және қазіргі сөйлеу тілінің ерекшеліктері туралы терең білім алады; қазақ тілінің лексикалық байлығы мен тілдік-мәдени контекстін түсінеді.</p> <p>В) Өртүрлі салалардағы (тұрмыстық, әлеуметтік, кәсіби, мәдени) сөйлеу жағдаяттарында қазақ тілінде еркін сөйлей алады; түрлі жанрдағы мәтіндерді түсініп, сараптап, негізгі ойды тұжырымдай алады; қазақ тілінде мақалалар, аннотациялар, хаттар, тезистер мен эсселер жаза біледі; коммуникативтік жағдайға сай ақпарат алмасу дағдыларын меңгереді.</p> <p>С) Тілдік құбылыстарды салыстыра, талдай, бағалай отырып, олардың қолданыс орнын ажырата алады; қазақ тілін ғылыми, әлеуметтік-мәдени, кәсіби салаларда тиімді қолданып, дискурстық-коммуникативтік құзыреттілігін дамытады; сөйлеу барысында тілдік нормалар мен мақсатқа сай қолдану ережелерін сақтайды.</p> <p>Д) Мәтінмен жұмыс істеу барысында негізгі және қосымша ақпаратты ажырата алады, құрылымдық талдау жасайды; пікірталас пен әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша өз көзқарасын дәлелді түрде білдіреді, оппонент пікірін бағалай алады; әртүрлі стилистикалық бағыттағы мәтіндерді құрастырып, сөйлеу әрекетінде қолдана алады.</p> <p>Е) Қоғамдық және кәсіби өмірде қазақ тілінде еркін қатынас жасап, функционалдық сауаттылық танытады; мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынаста тілдік жағдаяттарды ескеріп, коммуникативтік мақсатқа жетуге қабілетті</p>
---	-------------------	---	--	--	---

					болады; қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде құрметтеп, оның қолдану аясын кеңейтуге бағытталған тілдік әрекеттер жасай алады.
3	Қазақстан тарихы	Курстың мақсаты- Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бастап қазіргі заманға дейінгі негізгі даму кезеңдері туралы объективті тарихи білім беру.	Қазақстан тарихы пәні Қазақстан аумағында көшпелі өркениет пен мемлекеттіліктің қалыптасуын, XIII-XV ғғ. Орталық Азиядағы түркітәлдес халықтардың этномәдени интеграциясының кезеңдерін, Қазақ халқының қалыптасуының негізгі кезеңдері, жаңа дәуір кезеңіндегі тарихи даму ерекшеліктерін (XVIII - XX ғғ.басы), кеңестік кезеңдегі Қазақстанның дамуын, Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттік даму стратегиясы, экономикалық, қоғамдық- саяси, рухани дамуы, Қазақстанның әлемдік қауымдастықтағы орны қарастырылады.	Пререквизиттері: мектеп курсындағы «Қазақстан тарихы» пәні, «Дүние жүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық» пәндері.т.б. Постреквизиттері: «Философия», «Мәдениеттану», «Саясаттану», «Әлеуметтану» және т.б. гуманитарлық жиынға қатысты пәндерді меңгеруге зор ықпал етеді.	А)Қазақстан тарихының дамуының ежелгі дәуірлерінен қазіргі заманға дейінгі тарихи даму кезеңдерін біледі және тарихи үдерістердің маңызын түсінеді. В)Өткен тарихи құбылыстар мен оқиғаларды сыни тұрғыдан талдау арқылы адамзат қоғамының әлемдік -тарихи дамуының ортақ ұстанымдарымен ұштастыра білуде білімін қолдана алады; С)Қазіргі Қазақстандағы тарихи құбылыстар мен үдерістерді зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық тұрғыдан талдау дағдыларын игереді. Тарихи тұжырымдарды дәйектеп, дәлелдер негізінде өз көзқарасын қалыптастырады; Д)Заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделеу дағдысын қалыптастыра отырып, тарихи дерекөздері бойынша топпен жұмыс істеуде коммуникативтік мәдениетті сақтайды; Е)Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарын жүйелей отырып, өзіндік қорытынды жасайды, сыни баға береді.
4	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (Әлеуметтану/Саясаттану)	Білім алушылардың болашақ маман, мемлекет азаматы ретінде қалыптасуына ықпал ету. Осы бағытта қоғамның табиғатын, даму заңдылықтарын, ішкі құрылымын, қоғамдағы әлеуметтік институттардың қызметін түсіндіру. Саяси мәдениеті жоғары, әлемдегі және мемлекеттің жүргізіп отырған	Пәнді оқу барысында қоғамның даму заңдылықтарын, қазіргі қоғамның әлеуметтік - экономикалық, саяси даму ерекшеліктерін зерттеуде әлеуметтану және саясаттану ғылымдарының алатын орны баяндалады. Сонымен қатар негізгі категориялар, әлеуметтанулық зерттеулер, әлеуметтік	Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (Әлеуметтану/Саясаттану)	1. Білу және түсіну: Әлеуметтану және саясаттану саласындағы негізгі ұғымдарды, теориялар мен тәсілдерді терең біледі және сол арқылы Қазақстанда және әлемдік контексте болып жатқан әлеуметтік және саяси процестерді түсінеді. 2. Білімді қолдану: Алған білімдерін нақты әлеуметтік және саяси жағдайларды талдау үшін қолдануға қабілетті; ғылыми дәлелдерге сүйене отырып, өзекті

		саясатын терең зерделей алатын, оның дамуына үлес қоса алатын кәсіби біліктілікті қалыптастыру.	институттардың түрлері мен қызметі, қоғамдағы отбасы институтының рөлі, мемлекет, саяси сана, саяси мәдениет, саяси идеология, мемлекеттің рухани және саяси өміріндегі саяси элитаның рөлі туралы айтылады.		қоғамдық мәселелерді талқылауға қатысады. 3. Пайымдау, идеяны бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру саласындағы білігі: Сыни ойлау және әлеуметтік-саяси талдау әдістерін қолдана отырып, негізделген пайымдауларды қалыптастыра алады; өз көзқарасын дәлелді түрде білдіруге және қорғауға қабілетті. 4. Қарым-қатынас саласындағы іскерлігі (коммуникативтік қабілеттер): Қоғамдық және саяси мәселелерге қатысты тақырыптар бойынша ойды ауызша және жазбаша түрде тиімді білдіреді; мәдениетаралық және кәсіби ортада өзара әрекеттеседі. 5. Оқыту саласындағы дағдылар (оқуға қабілеттілік): Әлеуметтік және саяси ғылымдар саласында өзін-өзі оқыту және дамыту қабілетіне ие; әр түрлі тарихтан ақпарат ала алады.
Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (Мәдениеттану/психология)	Білім алушылардың болашақ маман, мемлекет азаматы ретінде қалыптасуында мәдениет тәжірибелерін үйренуге бағыт-бағдар беру. Мәдениет ұғымын, мәдениеттің түрлерін, мәдениеттану ғылымының зерттеу аясын, басқа ғылымдардан ерекшеліктерін және қазақ мәдениетінің ерекшеліктерін түсіндіру. Сонымен қатар қоғамның рухани өмірінде мәдени ортаны, игіліктерді бағалауға бағыттау болып табылады.	Әлеуметтік- саяси білімдер модулі «Мәдениеттану» және «Психология» пәндерінің мазмұны біріктіріліп оқытылады. Модульдің пән дәрістік және практикалық сабақтар, ОБӨЖ, БӨЖ тапсырмаларын орындау, сонымен қатар ағымдық және аралық бақылау жұмыстары жүргізіледі. «Мәдениеттану» курсының мазмұны мәдениет ұғымы, әлемдік мәдениеттің қалыптасуы мен даму кезеңдері, түркі-қазақ мәдениеті және оның негізгі құрылымы болып табылады. Пәннің негізгі мазмұны мәдениет құрылымын жаңа көзқарас тұрғысында зерделеуге негізделген. Осыған орай пәнді оқу барысында мәдениет ұғымын, мәдениеттің құрылымын оқумен қатар, мәдениет	Білім алушы «Мәдениеттану» пәнін жақсы меңгеру үшін мектеп курсындағы «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «География», «Қоғамтану», «Әдебиет» т.б. осы секілді базалық пәндермен таныс болу қажет. Сонымен қатар «Әлеуметтану», «Саясаттану» пәндерін де меңгеруі керек. Білім алушының «Мәдениеттану» курсынан алған білімі алдағы уақытта жүргізілетін «Психология», «Философия» т.б. гуманитарлық жиынға қатысты	1. Білу және түсіну: Мәдениеттің дамуының негізгі ұғымдарын, категориялары мен кезеңдерін білуді көрсетеді; қоғам өміріндегі және жеке тұлғаны қалыптастырудағы мәдениеттің рөлін түсінеді. 2. Білімді қолдану: Мәдени құбылыстарды, мәдениетаралық өзара әрекеттесулерді және қазіргі әлеуметтік процестерді талдау үшін мәдени білімді қолдануға қабілетті. 3. Пайымдау, идеяны бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру саласындағы білігі: Мәдени құбылыстарды сыни тұрғыдан түсінуді, мәдени артефактілердің мағыналарын түсіндіруді және мәдениеттегі процестер туралы негізделген пікірлер айтуды біледі. 4. Қарым-қатынас саласындағы іскерлігі (коммуникативтік қабілеттер): Мәдени әртүрлілік, толеранттылық және сәйкестілік	

			пен тілдің байланысы, түркі-қазақ мәдениетінің құндылықтарын, сонымен қатар қазіргі қазақ мәдениетінің даму ерекшеліктері қарастырылған. «Психология пәнінің басқада қоғамдық пәндермен өзара байланысы оқытылады. Психологиядағы ұлттық сананы қалыптастыру контекстіндегі тұлғаның мотивациялық және эмоциялар мен эмоционалдық интеллект мәселелері талқыланады. Психология курсына адамның ерік қасиеті мен өзін-өзі реттеу психологиясы мен тұлғаның даралық-типологиялық ерекшеліктерін, құндылықтар, қызығушылықтар, нормалар тұлғаның рухани негізі ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, тұлғааралық қарым-қатынас қазақстандық үйлесімді тұлғаның даму факторы ретінде тиімді қарым-қатынас технологиялары арқылы қоғамдық сананы жаңғырту және қоғамдағы инклюзивті мәдениет мазмұнындағы тақырыптар берілген.	пәндерді меңгеруге зор ықпал етеді. Білім алушылардың бұл пәннен алған білімі алдағы өмірінде де, болашақ мамандығына қатысты арнайы курстарды жақсы меңгеруіне өз пайдасын тигізеді.	тақырыптарында тиімді қарым-қатынас жасайды; мәдениетаралық диалог контекстінде ойларды білдіреді. 5. Оқыту саласындағы дағдылар (оқуға қабілеттілік): Мәдени мәтіндер мен құбылыстарды өз бетінше зерттеу дағдыларына ие, гуманитарлық білімнің сабақтас салаларында білім беруді жалғастыра алады.
5	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің мақсаты студенттерде ақпараттық технологиялар арқылы ақпараттарды жіберу және жинау тәсілдерін, ақпараттарды өңдеу және сақтау, іздеу әдістері, процестерді талдау және сыни бағалау мүмкіндіктерін қалыптастыру.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар пәні сандық глобализация дәуірінде заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі мен маңыздылығын сыни түрде түсіну қабілетін қалыптастыру, жаңа «сандық» ойлау, әртүрлі қызметтік салада заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша білімдері мен дағдыларын	Пререквизиттер: орта мектептегі информатика Постреквизиттер: Ғылыми зерттеу әдістері	1. ақпараттық-коммуникациялық технологияның даму тенденциялары мен мазмұнын, тағайындалуын түсіндіру; ақпараттық және коммуникациялық процестерді енгізу тәсілдерін, ақпараттарды сақтау және өңдеу, жинау әдістерін түсіндіру; 2. негізгі компоненттер мен функцияларды, компьютерлік жүйелер мен желілер архитектурасын сипаттау;

			<p>қалыптастыру мәселелерін қарастырады.</p> <p>Білім алушыларға компьютердің архитектурасының, операциялық жүйелердің және желілердің тұжырымдамалық негіздерін меңгертіп, ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету құралдары жайлы, жасанды интеллект технологиялары, желілік және веб қосымшаны құру тұжырымдамасы жайлы білімін, өзін-өзі дамыту және басқа мақсаттар үшін кәсіби қызметінің әртүрлі аймағында, ғылыми және практикалық жұмыстарында заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдысын қалыптастырады.</p>		<p>3. ақпараттарды сақтау, тарату мен өңдеу, іздеуге арналған мобильдік және бұлтты қызметтерді,</p> <p>ақпараттық Интернет ресурстарды қолдану; ақпаратты сақтау, өңдеу, жинау және жіберуге арналған компьютерлік желі мен жүйелердің аппараттық және программалық жабдықталуын қолдану;</p> <p>4. ақпараттарды қорғау құрылғылары мен әдістерін таңдауды негіздеу және талдау; сандық технология көмегімен әртүрлі қызметтік саласына арналған деректерді басқару және талдау құрылғыларын жасау;</p> <p>5. заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы мамандық бойынша жобалық қызметкерлікті қалыптастыру.</p>
6	<p>Дене шынықтыру 1,2,3,4 семестр, 8 кредит</p>	<p>Білім алушылардың денсаулығын нығайтуға көмектесу; ағзаны шынықтыру, жан-жақты өсіп жетілуіне, дене шынықтырудық оқу бағдарламасын ойдағыдай меңгеруге көмектесу; Білім алушыларды дене шынықтыру және спортпен үнемі шұғылдануға әдеттендіру, еңбек пен күнделікті өмірде қажетті қозғалыс дағдыларын дамыту. денсаулықты көп жыл бойы сақтау және нығайту.</p>	<p>Бағдарламаның мазмұны студенттерді төрт оқу бөлімдері бойынша бөлуге сәйкес келеді: негізгі, даярлық, арнайы (емдік дене шынықтыру топтарын қосқанда), спорттық. Білім алушыларды оқу бөлімдеріне бөлу оқу жылы басында жынысын, денсаулық жағдайын, дене дамуын, дене шынықтыру және спорттық даярлығын ескеру арқылы жүргізіледі. Білімгер бір оқу бөлімінен (топтан) екіншісіне оқу жылы немесе семестр аяқталғаннан кейін көше алады. Білімгерлерді даярлық немесе арнайы медициналық оқу бөлімдеріне ауыстыру ауруына байланысты оқу жылының кез келген уақытында жүзеге асырылуы мүмкін.</p>	<p>Пререквизиттер: ЖББМ Дене шынықтыру сабағы.</p> <p>Постреквизиттер: Жалпы дамытуға арналған дене қозғалыс жаттығуларын жасау, салауатты өмір салтын ұстану,</p>	<p>А) Білу және түсіну: Жалпы дамытуға арналған дене қозғалыс жаттығуларын жасауды біледі және түсінеді.</p> <p>В) Білімді қолдану: Дене шынықтырудық оқу бағдарламасын практикада қолданады.</p> <p>С) Пайымдау, идеяны бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру саласындағы білігі: Дене шынықтыру және спортпен айналыстырудың жүйелі сабақтарына деген қажеттілік пен дене шынықтыруға мотивациялық-құндылықтық қатынастары қалыптасады.</p> <p>Д) Қарым-қатынас саласындағы іскерлігі (коммуникативтік қабілеттер): Іскерлік дағдыларын, коммуникативтік қабілеттерді меңгереді.</p>

			<p>Білімгерлер негізгі және даярлық бөлімдеріне жалпы физикалық даярлық пен спорт түрлері бойынша топтарға бөлінеді. Даярлық бөліміне денсаулық жағдайының төмін деңгейі немесе денсаулығында аз ауытқулары бар білімгерлер бөлінеді. Медициналық тексеру мәліметтері бойынша арнайы оқу бөліміне жіберілген білімгерлер арнайы медициналық топтарға немесе емдік дене шынықтыру топтарына бөлінеді. Спорттық оқу бөлімінде топтардың толтырылымдылығы спорт түріне және айналушылардың біліктілігіне қатысты болады. Спорт ойындары түрлері бойынша спорттық мамандандыру оқу топтары ойыншылардың қос құрамын толтыру арқылы құрылады. Осы бағдарлама дене шынықтыруды әлемдік білім беру стандарттарына сәйкестікте қарастыратын жалпы білім беретін "Дене шынықтыру" пәнін оқытуға бағытталған. Бағдарлама оқытушы мен білім алушының дене тәрбиесі барысында оқытудың барлық кезеңіндегі пәнді игеру деңгейіне қойылатын талаптар контексіндегі бірлескен ынтымақтастығын анықтайды. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері. Бағдарламаның мақсаты кәсіби қызметке даярлау үшін, болашақ еңбек қызметінде денелік жүктемелерді, жүйке-психикалық қысымдарды және жайсыз факторларды табанды өткеруге денсаулықты сақтау,</p>		<p>Е) Оқыту саласындағы дағдылар (оқуға қабілеттілік): Спорттық және қимыл-қозғалыс ойындарын, заманауи сауықтыру жүйелерін, дене жаттығуларымен айналысу процесіндегі бақылау және өзін-өзі бақылау т.б кәсіби күзiреттiлiктердi жетiлдiредi.</p>
--	--	--	--	--	---

		<p>нығайтуды қамтамасыз ететін студенттердің әлеуметтік-жеке тұлғалық құзыреттіліктерін және дене шынықтырудың құралдары мен әдістерін мақсатты түрде пайдалану қабілеттерін қалыптастыру болып табылады. Мақсатты жүзеге асыру үшін келесідей білім беру, сауықтыру және тәрбие міндеттері шешілуі қажет:</p> <ol style="list-style-type: none">1) тиімді кәсіби еңбекке қабілеттілікті және денсаулық сақтау үшін өмірлік маңызды дене қасиеттерін дамыту жолында дене шынықтыру және спортты қолдану бойынша базалық ғылыми-негізделген білім беру;2) дене шынықтыру және спортпен айналыстырудың жүйелі сабақтарына деген қажеттілік пен дене шынықтыруға мотивациялық-құндылықтық қатынасты қалыптастыру;3) ағзаның еңбек қызметінің қолайсыз факторларының әсеріне кедергісін арттыру, денсаулығын нығайту және машықтану;4) өзара көмекке, коллективизмге және тәртіпке тәрбиелеу;5) психикалық тұрақтылықты, өз күшіне сенімділікті, мақсаттылықты, батылдық пен табандылықты, бастамашылықты, қайсарлық пен қажырлықты тәрбиелеу;6) негізгі қозғалтқыш қасиеттерін дамыту және жетілдіру - төзімділік, күш, жылдамдық, икемділік;7) дене шынықтыру мен спорттың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі мен		
--	--	---	--	--

			әлеуметтік-мәдени құндылықтарын дамыту бойынша әртүрлі дағдылар мен қабілеттерге ие болуды қамтамасыз ету; Жалпы дамытуға арналған жаттығулар, жүгіру, секіру, эмоциялық-ырғақты музыка әуенімен орындалатын би элементтері. Би жаттығулары формалары. Сынақтық және жарыстық би-ырғақты бағдарламаларды орындау.		
7	Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері, Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Экология және өмір қауіпсіздігі)	1) негізгі экономикалық мәселелерді, теориялық экономиканың тұжырымдамалық ережелерін және бизнес негіздерін зерттеу. 2) Курс мемлекет және құқық туралы негізгі түсініктерімен танысуға бағытталған, білім алушылар қазақстандық құқық жүйесі, жеке және заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесі, азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғау тетіктері, заңды жауапкершілік негіздері туралы білім алады. Курсты оқу барысында білім алушыларда сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мінез-құлық негіздерімен қатар қоғам мен мемлекетте сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік қалыптасады, білім алушылар сыбайлас жемқорлық құбылыстарына заңды түрде қарсы әрекет ету қабілетін меңгереді. 3) Биосфера тұрақтылығын сақтау, барлық адамдардың білім дәрежесіне қарамастан олардың	Курс білім алушылардың қаржылық, құқықтық, экономикалық және экологиялық сауаттылығын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін және кәсіпкерлік құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған. Ол тұрақты даму мақсаттарына жетуге ықпал етіп, жауапты тұтыну, құқықтық сана, әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік дағдыларын дамытады. Экономика негіздерін меңгеруге, кәсіпкерлік ойлауды дамытуға, іс ашуға, қаржыны басқаруға, қауіпсіз өмір сүруге назар аударылады.	1)Пререквизиттері: Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология). Постреквизиттері: Заманауи мектеп басқару, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық. 2)Пререквизиттері: Әлеуметтік-саяси білім модулі. Постреквизиттері: Заманауи мектеп басқару, Білім берудегі менеджмент және көшбасшылық. 3)Пререквизиттері: Әлеуметтік-саяси білім модулі. Постреквизиттері: Жас ерекшелік физиологиясы және мектеп гигиенасы.	1 А. Экономикалық терминдердің мәнін, нарықтық экономиканың заңдылықтары мен принциптерін білу; В. Кәсіпкерліктің мақсатын, оның даму факторлары мен шарттарын түсіну; С. Бизнес принциптері туралы түсінікке ие болу, бизнес субъектілерін, түрлі түрлері мен түрлерін анықтау; Д. Кәсіпкерлік қызметті талдау кезінде экономикалық сипаттағы мәселелерді ажырата білу; Е. Кәсіпкерлік қызметті талдау әдістерін меңгеру. 2. А. Құқық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет саласындағы білім және түсінік. В. Құқықтық қорғау білімін және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негіздерін практикада пайдалану. С. Қоғамдық және мемлекеттік құрылымдарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және заңдылықты бұзу саласында қорытындылар шығаруға, идеяларды және тұжырымдарды бағалауға қабілеттілік. Д. Әр түрлі субъектілер арасындағы мүдделер қалыңысын шешу саласындағы дағдылар. Е. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлық саласындағы дағдылар, құқық қолдану практикасының күрделі міндеттерін шеше білу.

		экологиялық ұғымының жоғары болуына септігін тигізу, студенттердің экологиялық білімін, мәдениетін кеңейту, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу, адамның мекен ету ортасымен қауіпсіз өзара әрекеттесу және қауіпті жағдайларда жағымсыз факторлардан қорғау негіздерімен таныстыру болып табылады.			<p>3. А. Табиғи тұрақтылықтың өзгеру себептеріне байланысты экологиялық проблемалар бойынша зерттеулер жүргізеді;</p> <p>В. Өмірде экология және тұрақты даму заңдарын қолдану.</p> <p>С. Қоршаған ортаны қорғау бойынша іс-шараларды ұсынады.</p> <p>Д. Қоршаған ортада адамның тіршілік қауіпсіздігінің теориялық, құқықтық, нормативті-техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді ұйымдастырады.</p> <p>Е. Өндірісте және күнделікті тұрмыста қауіпсіз тіршілік етуді қалыпқа келтіруді және тіршілік қауіпсіздігі саласының негізгі мәселелерін анықтайды.</p>
8	Қазақ халық ауыз әдебиеті	«Қазақ халық ауыз әдебиетін» жеке пән ретінде оқыту арқылы ғылыми мазмұндылығы терең білім беру, фольклорлық жанрлар жүйесін мазмұн-мәні терең, әрі көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзіндік сыр-сипатын танытып, жастарға тағлым беру көзделеді.	Білім алушыларға қазақ фольклорын жеке пән ретінде оқыту арқылы халқымыздың сан ғасыр бойына жасаған рухани мәдениеті – фольклорлық мұраларды терең, жан-жақты таныстыру мақсат етіледі. Мазмұн-мәні терең, әрі көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзінше сыр-сипатын танытып, жастарға тағлым беру көзделеді. Фольклордың пайда болуы туралы пікірлер, фольклордың жанрлары мен түрлері жайында мағлұмат түсіндіріледі.	<p>Пререквизиттері: Қазақстан тарихы</p> <p>Постреквизиттері: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті, Шешендік өнер</p>	<p>А) Фольклорлық жанрлар жүйесін білу және түсіну: Студенттер қазақ халық ауыз әдебиетінің негізгі жанрларын, олардың құрылымдық ерекшеліктерін және тарихи дамуын терең түсінетін болады.</p> <p>В) Фольклор мен жазба әдебиеттің байланысын қолдануы: Халық ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзара байланысын, олардың әсерін практикалық тұрғыда қолдана білуі. С) Әлемдік фольклортану бағыттарын талдай білу: Әлемдік фольклортану ғылымындағы негізгі теориялық мектептер мен бағыттарды танып біледі және қазақ фольклорының жанрлық түрлерін талдай біледі. Д) Фольклорлық мәтіндерді зерттеу арқылы поэтикалық тәсілдер мен көркемдік құралдарды қолданып, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Эссе, баяндамалар мен мәнжазбалар жазып, жаңаша идеяларды синтездеу және жоспар құру дағдыларын меңгереді. Е) Фольклордың тарихи-зерттеу принциптерін қолданып, оның қоғамдағы маңызын және</p>

					тарихи рөлін анықтай алады. Курс материалдарының құндылығын анықтап, қорытындылардың сәйкестігін сын тұрғысынан бағалауға дағдыланады.
9	Нормативті қазақ тілі	«Нормативті қазақ тілі» курсы бұл ғылыми-теориялық негіз маманға тілдегі барлық фактілерді, құбылыс, процестерді дұрыс танып, еркін түсіндіруге мүмкіндік береді.	Нормативті қазақ тілі курсы тіл, әдебиет мамандарын дайындау үшін оқылатын лингвистикалық пәндердің негізгісі болып есептеледі. Курс бүгінгі күні жалпыхалық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізін танытуды міндет етеді. Бұл ғылыми-теориялық негіз маманға тілдегі барлық фактілерді, құбылыс, процестерді дұрыс танып, еркін түсіндіруге мүмкіндік береді, сондықтан «Нормативті қазақ тілі» курсы іргелі, практикалық сипатта оқытылады. Бұл курс берген білім қазақ тілінің тарихын, түрлі стильдік, функционалды жанрларын, оқыту әдістемесін орфоэпия, емле, пунктуация т.б. мәселеріне арналған пәндерді оқып, меңгеруіне тірек болады.	Пререквизиттері: Шетел тілі, Қазақстан тарихы / Постреквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы	А) Қазақ тілінің құрылымдық жүйесінің басты мәселелерінен хабардар болады. В) Тілдің негізгі заңдылықтарын жетік меңгереді. С) Тілдің барлық саласы бойынша құрылымдық жүйесін таниды; D) Тілдік талдау жасау дағдыларын қалыптасырады. Е) Қатысымдық тұлғаларды ажырата біліп және оларды дұрыс пайдалана алады.
10	Оқу практика	Оқу практикасының мазмұны пәндердің мазмұны мен құрылымын, оқу пәнінің бағдарламасын қазақ тілі мен әдебиетін оқыту құралдарының сипатын, оқу-әдістемелік кешен түсінігін, оның құрамын, қазақ тілін оқытудағы қазіргі технологияларды, оқытудың әдіс-тәсілдерін қамтиды.	Жоғары оқу орындарында студенттердің алған ғылыми-теориялық білімдерін тереңдету мен бекіту мақсатында жүргізіледі. Тәжірибелік және зерттеу жұмыстарының дағдыларын ендіру. Оқу практикасы өндірістік практиканың алдында болады, оны өтудің дайындау сатысы ретінде кіші курстарда өтіледі	Пререквизиттері: Нормативті қазақ тілі, Қазақ халық ауыз әдебиеті/ Постреквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Әдебиеттануға кіріспе	А) Қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты құрылымдық жүйесінің басты мәселелерінен хабардар болады. В) Тіл мен әдебиеттің негізгі заңдылықтарын жетік меңгереді. С) Тіл мен әдебиеттің барлық саласы бойынша құрылымдық жүйесін таниды; D) Тіл мен әдебиеттің талдау жасау дағдыларын қалыптасырады. Е) Қатысымдық тұлғаларды ажырата біліп және оларды дұрыс пайдалана алады.
2-курс					

1	Тіл біліміне кіріспе	«Тіл біліміне кіріспе» курсының басты мақсаты – тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастыру және де студенттерді тілдік талдау дағдысымен қаруландыру болып табылады	Пәнді оқу барысында студенттер тілдің табиғаты, қоғамдық мәні, тілдің пайда болу теориялары, оның құрылымдық және жүйелілік сипаттары, құрылымдық элементтердің бір-бірімен байланысы, ара қатынастары, тілдер дамуындағы ортақ қасиеттер мен ерекшеліктер, жалпы халықтық тіл мен оның өмір сүру формалары, тілдердің типологиялық және генеологиялық топтастырулары, жазудың пайда болуы мен даму үрдістері, басқа ғылымдар жүйесімен байланысы туралы нақты теорияларды меңгереді.	Пререквизиттері: Нормативті қазақ тілі, Шетел тілі/ Постреквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы, Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы	А) Тіл, таным, сана арасындағы қатынасқа қатысты тіл біліміндегі ғылыми тұжырымдарды меңгереді. В) Тілдің анықтамасын, коммуникативтік, номинативтік, танымдық қызметтерін талдайды. С) Тілдерді жіктеу принциптері мен жіктемесін меңгереді. D) Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтарын меңгереді. Е) Тіл білімінің терминдерімен танысып, олардың салаларын сипаттай біледі.
2	Әдебиеттануға кіріспе	Әдебиеттануға кіріспе пәнінің мақсаты – әдебиеттану ғылымы, оның басты мәні, мақсат-міндеттері, негізгі және жанама салалары турасында малұмат беру. Әдебиеттану ғылымының пайда болу, қалыптасу, даму тарихына шолу жасау.	Әдебиеттанудың болмысы мен бітімі (әдебиет туралы жалпы түсінік, әдебиеттану және оның даму кезеңдері, образ және образдылық) қарастырылады. Әдеби шығарманың сыры мен сипаты; әдеби дамудың мағынасы мен мәні (әдебиеттегі тек пен түр, әдеби бет пен бағыт), әдеби әдістер мен әдеби ағымдар заңдылығы меңгертіледі. Көркем шығарманың мән-мазмұнын терең ұғыну және талдай алу дағдысы қалыптасады.	Пререквизиттері: Қазақ халық ауыз әдебиеті, Қазақстан тарихы / Постреквизиттері: XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы	А) Әдебиеттану ғылымының пайда болу, қалыптасу, даму тарихы туралы толық мағлұмат алады. В) Әдебиеттану саласы бойынша теориялық білім элементтерін түсінеді және көрсете біледі; С) Әдебиет тарихы, теориясы, сыны саласында алынған нәтижелерге дербес зерттеулер жүргізе алады, түсіндіру әдістерін және тәсілдерін меңгереді; D) Көркем шығарманың тақырыбы мен идеясы, сюжеті мен композициясы; көркем бейне оның жасалу жолдарын, өлең құрылысын түсініп, көркем шығарманы талдау дағдысы қалыптасады. Е) Теориялық және қолданбалы білімін, әдебиеттану бойынша базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана алады
3	Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті	Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті әдеби бағыттармен, әдебиет өкілдерінің шығармашылығымен жан-жақты, тиянақты білім беру. Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті	Пәнді игеру барысында студенттер әдебиетіміздің ежелгі, әрі көне қатпары – сақ-ғұн, түркі, ислам дәуіріндегі көркем шығарма үлгілерімен танысады. Түркі жұртының жазу-сызу, көне тарихи	Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті Постреквизиттері: XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің	А) «Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті» қазақ жазуы тарихы, әдебиет тарихы, кәсіби қазақ тілі, менеджмент көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады. Қоғам,

		мен әдеби байланыстарды салыстыра отырып меңгерту.	ескерткіштері, қала мәдениетінен тұратын түркі өркениеті болғандығына, тарихта қалғандығына ғылыми тұрғыдан көз жеткізеді. Ежелгі дәуір әдебиеті үлгілерінің қазіргі қазақ қоғамымен байланысын, үндестігін, оның рухани өміріндегі орнын туралы түсініп қалыптастырады.	тарихы, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы	мемлекеттілік, халық, тобыр, тарихи тұлға, ел билігі, ел билеуші хан, хан сайлау мәселелері В) Хорезматикалық, меритократия, мирасқорлық, шыңғысшылдық, ақ киізге көтеруді қарастыру С) Фольклордың шағын түрлері, ертегі, мақал-мәтел, бата сөздер, жұмбақтар, аңыздар, батырлар жыры, қаралы өлең-жырлар, шешендік сөздер, тарихи жырлар, жырау поэзиясы, ақындар поэзиясы, жазба ақындар поэзиясы D)Бұрын қарастырылмай немесе біржақты қарастырылып келген әдебиеттің айтулы тұлғаларының шығармашылығын бүгінгі көзқарас тұрғысын бағалай білуі тиіс. Е) Көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.
4	XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы	Қазақ тарихының аса бір елеулі кезеңі – қазақ хандығы тұсындағы қазақ сөз өнерінің ең бір құдіретті қазынасы – жыраулар поэзиясының жасалғандығымен таныстыру; әдебиет сахнасынан жыраулар орын алып, елдік пен ерлік мәселелерін көтере білгендігін көрсету; қазақ атымен аталатын әдебиеттің жасай бастаған уақыты қазақ хандығы құрылған уақытпен сабақтастырылатынын ашып көрсету.	Пәнді оқытуда студенттерде ХҮ-ХҮІІІ ғасырлардағы қазақ даласындағы саяси-әлеуметтік өзгерістер, тарих сахнасына Қазақ хандығының шығуы, сол кезеңдегі әдебиеттің негізгі бағыты жыраулар поэзиясы түрінде дамуы туралы негізгі түсініктер қалыптастырылады. Жырау және ел басқарушы, жыраулар поэзиясының басты тақырыбы, жыраулар поэзиясының негізгі жанры - толғау екендігі, жырау- өз қоғамының басты идеологы, қол бастаған батыр, сөз бастаған шешен болатындығы жайлы әдеби зерттеулермен, пайымдаулармен таныстырылады. Жыраудың түрлі әлеуметтік функциялары туралы біледі.	Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті Постреквизиттері: ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы, Абайтану	А)Қазақ тарихының аса бір елеулі кезеңі – қазақ хандығы тұсындағы қазақ сөз өнерінің ең бір құдіретті қазынасы – жыраулар поэзиясының жасалғандығымен таныстыру; В)Әдебиет сахнасынан жыраулар орын алып, елдік пен ерлік мәселелерін көтере білгендігін көрсету; С)Қазақ атымен аталатын әдебиеттің жасай бастаған уақыты қазақ хандығы құрылған уақытпен сабақтастырылатынын ашып көрсету; D)Ежелгі әдебиетті көне дәуір тарихымен, өркениеттік ерекшеліктермен байланыстыру; Е) Хандық дәуір әдебиеті туралы терең білімді қалыптастыру.

5	Қазіргі қазақ тілі фонетикасы	Қазақ тілінің фонетикасы мен фонологиясы, қазақ тіліндегі фонемалар құрамы, олардың түрлері мен жіктелуі, буын жүйесі, дыбыстар тіркесі, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. жөніндегі теориялық мәселелері мен олардың зерттелу жайын туралы ғылыми білім негіздерін меңгерту;	«Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» курсына фонетика ғылымы туралы түсінік беріліп, аталған саланы зерттеуші ғалымдардың еңбектері, олардың тілдің дыбыс жүйесін зерттеген ғылыми тұжырымдары жан-жақты талданып, қазақ тіліндегі дыбыстардың саны мен сапасы, өзіндік ерекшеліктері мен түрлері, буын, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. жөнінде теориялық білім беріліп, фонетикалық талдау жасау дағдылары қалыптастырылады.	<p>Прекреквизиттер: Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі;</p> <p>Постреквизиттер: Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы, Құрмалас сөйлем синтаксисі</p>	<p>А)Кәсіби бағыттағы филологиялық білімдерін еңбек нарығындағы нақты сұраныстарға, экономикалық талаптарға сай кәсіпкерлік мақсатқа және бизнес, қоғаммен байланыс, менеджмент салаларына құқықтық нормалар аясында пайдаланады және қолданады. Лингвистикалық бағыттағы және әдебиетке қатысты материалды жинаудың, дискурстық талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді.</p> <p>В)Әдебиет тарихы, терминологияға қатысты мәселелерді, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың және қоғаммен байланыстың, әдеби шығармашылықтың барлық түрлерінің негізгі әдістері мен тәсілдерін игереді.</p> <p>С) Қазақ тілі фонетикасы, қазақ тілі дыбыстары, өзіндік ерекшеліктері мен түрлері, буын, сингармонизм, екпін, интонация, орфоэпия, орфография, графика, транскрипция т.б. жөнінде теориялық мәселелерді меңгеріп, практикалық тұрғыда талдаулар жасай біледі. Қазақ тіліндегі жазба және ауызша, т.б. деректерге, әртүрлі берілген мәтіндерге талдау жасап, теориялық түсінік бере алады.</p> <p>Д)Қазіргі қазақ тілі фонетикасы бойынша фонетика-фонологиялық талдау жасайтын ғылыми біліктілік қалыптасады. Ойын жүйелі әрі тұжырымды айта біледі. Қазіргі қазақ тілі фонетикасынан барлық қажеттілікке сай білім беру, қазақ тілі фонетикасы бойынша деректерге теориялық, тарихи-лингвистикалық талдау жасау дағдысын игереді.</p> <p>Е) Қазіргі қазақ тілі фонетикасы бойынша практикалық талдау жұмыстарына</p>
---	-------------------------------	--	--	---	--

					дағдыланып, ғылыми және ғылыми-әдістемелік материалдар мазмұнын түсіндіре алады; қажетті жағдайда оқытушының сауал қоюы арқылы оларды түзетеді. Теориялық білімін практикада қолдана алады.
6	Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы	«Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы» – жүйелі ғылыми-теориялық білім беруді мақсат ете отырып, оның болашақта зерттелуге тиіс мәселелеріне байланысты білімалушыларды ғылыми ізденіске баулып, олардың шығармашылық ой-пікірін жетілдіріп отыруды өзінің міндеті деп санайды. Курстың теориялық бөлімінде лексикология мен лексикографияның ғылым ретінде танылуы, оның ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері жайлы мәліметтер беру.	Лексикалық тіл бірліктерінің типтерін, сөздік құрамның құрылымын, толығу жолдарын, сөздің семантикалық тұрғыда қарастырылуын, сөз, сөз арасындағы синтагматикалық, парадигматикалық қатынастар туралы білім беру көзделеді. Сөздік жасаудың теориясы мен тәжірибесі туралы түсінік қалыптастырылады. Аталған сала бойынша жетекші ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалып, негізгі тұжырымдар оқытылады. Тілдік талдау жасаудың тәсілдері меңгертіліп, өз білімдерін қолданудың әдістері үйретіледі.	Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі; Постреквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы, Құрмалас сөйлем синтаксисі	А) Қазақ тілінің лексикологиясы саласының өзекті мәселелерін біліп шығады; В) Курстың теориялық бөлімінде лексикологияның ғылым ретінде танылуы, оның ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, оның зерттеу әдістері жайлы алған білімдерін практикада қолдана біледі; С) Тәжірибелік сабақтарда лексикалық талдаудың негізгі әдістерін меңгереді; D) Қазақ тілінің сөздік құрамы мен лексикографиясы туралы лексика-семантикалық, функционалды-стилистикалық тұрғыда теориялық тұрғыдан меңгереді; Е) Белгілі бір мәселе төңірегінде өзіндік пікір айта алады.
7	Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы	«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы» пәнінің мақсаты – сауатты жазу мен дұрыс сөйлеу заңдылықтарының негізінде студенттерге тілдің дыбыстық жүйесі, дыбыстық құрамы мен ерекшеліктерінен, үндестік заңынан, орфоэпия мен орфографиядан, қазақ тілінің фонетикалық даму заңдылықтары туралы теориялық тұрғыдан жүйелі білім беру.	«Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы» пәні қазіргі қазақ әдеби тілінің сөзжасамдық және морфологиялық жүйесі туралы, қазақ тілінің қазіргі даму кезеңінде бұл жүйенің қызметі туралы түсініктер қалыптастырады. Сөздің құрамын, оның түрлерін және сөздің лексикалық-грамматикалық топтарын меңгертеді. Сөйлем мүшелерінің жүйесін, қазіргі қазақ тіліндегі қалыптасу және сөз өзгерістерінің жолдарын, сөйлемдегі және мәтіндегі грамматикалық	Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі Постреквизиттері: Құрмалас сөйлем синтаксисі, Стилистика және тіл мәдениеті	А) Осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету, В) Өз саласы бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін түсіну және көрсете білу, С) сөйлеу мен жазудың лексика-грамматикалық, әдеби нормаларын меңгеру D) Қойылған міндетті түсіну; нәтижені тұжырымдай білу; - тұжырымдамаларды нақты түрде дәлелдей білу; талдау негізінде және қорытындыны нақты дәлелдей білу; E) Жүйеленген нәтижелерді өз бетінше көре білу; өз саласы бойынша тілдік сауаттылықтың болуы

			формалардың қызметін таныстырады.		
8	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихы	XIX ғасыр әдебиет үлгісі түрі мол, сан жанрлы әдебиет. Олардың басты өкілдері: XIX ғасыр әдебиетінің аса көрнекті өкілдері бостандық рухты жырлаған Махамбет, Шернияз, зар заман әдебиетінің айтулы тұлғалары Дулат, Шортанбай, Мұрат, Әбубәкір, әйгілі айтыс ақындары мен атышулы сал-серілер Біржан сал, Ақан сері, Өсет. Қисашыл ақындар, Қоқан езгісіндегі өңірдің әдебиет өкілдері Сүйінбай, Майлықожа, Базар, жазба әдебиет өкілдері Абай, Ыбырай, Шоқан. XIX ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра отырып, XIX ғасыр әдебиетінің дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзиямен сабақтастығы, көркемдік-стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық баяндалады.	XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті мұраларын қазіргі әлемдік өркениет талаптарына сай оқыту, қазақ әдебиеті тарихы туралы ғылымды жүйелі түрде меңгерту болып табылады, әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра оқытады. XIX ғасыр әдебиетін кезең тарихымен, қоғамдық-әлеуметтік оқиғалармен, құбылыстармен байланыстыра отырып, XIX ғасыр әдебиетінің дәстүрлі жыраулық және ақындық поэзиямен сабақтастығы, көркемдік-стильдік жалғастық мәселелері ғылыми-теориялық баяндалады.	Пререквизиттері: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы Постреквизиттері: Алаш әдебиеттануы, Абайтану	А) XIX ғасырдағы әдеби шығармаларды көркемдік ерекшелігіне қарай саралай отырып, онда қолданылған поэтикалық әдіс-тәсілдерді талдау; В) XIX ғасырдағы әдеби шығармалардың мәтіндерімен таныс болу. С) XIX ғасырдағы әдеби шығармаларды тақырыптық, жанрлық ерекшелігіне қарай талдай алады; тарихи-типологиялық салыстыру негізінде XIX ғасырдағы ақын-жыраулар поэзиясының құрылымдық-семантикалық бірлігіне талдау жасап, оның ұлттық ерекшелігін ашып көрсете біледі; D) Пән бойынша қамтылатын әдеби шығармаларды романтизм, реализм көркемдік әдістерінің ұлттық және жалпыазаматтық сарындар жүйесімен (зар заман, діни-исламдық, ағартушылық ағымдар) тектестігін және өзгешеліктерін саралайды. Е) Осы дәуір ақын-жырауларының шығармаларын жатқа біледі
9	Шетел әдебиетінің тарихы	Шетел әдебиетіндегі әдеби бағыттармен, әдебиет өкілдерінің шығармашылығымен жан-жақты, тиянақты білім беру. Шетел әдебиеті мен қазақ әдебиеті арасындағы әдеби байланыстарды салыстыра отырып меңгерту.	Студенттер «шетел әдебиетінің тарихы» пәнін оқу барысында дүниежүзілік әдеби процестің заңдылығын түсініп, шығармалардың көркемдік маңызын қоғамдық жағдайлармен, заманның мәдениетімен байланыстыра оқиды. Шетел әдебиетінің рөлі мен орны, тарихи әдеби процестің негізгі ерекшеліктері, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына ықпалы қарастырылады. Оған қоса көркем туындылардың дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық	Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті Постреквизиттері: Шешендік өнер, Қазіргі қазақ әдебиеті	А) Бәсекеге қабілетті, білім мен ғылыми теориялық мәліметті кәсіби деңгейде қолданады, өз саласы бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін түсіне және көрсете біледі. В) Қоғамдық пікірге, салт дәстүрге, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік этникалық құндылықтарды біледі және өзінің кәсіби қызметінде қолдана алады, білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тартады. С) Білім алушылар өзін өзі оң бағалайды, тіл үйренуге ұмтылады, азаматтық бірегейлік лингвистикалық толеранттылықты игереді, білім үрдісін

			ерекшеліктерінің орны жан-жақты меңгеріледі.		әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады. D) Білім алушылар зерттеушілік дағдыларын дамыту әдістерін біледі, олардың тілдік құзыреттілігін дамытады, кәсіби шеберлік негіздерін қалыптастырады. E) Сапалық және сандық әдістерді гуманитарлық бағыттағы зерттеулерде қолданады.
10	Ғылыми зерттеу әдістері	«Ғылыми зерттеу әдістері» пәнінің мақсаты - ғылыми зерттеуге қойылатын негізгі талаптармен, сонымен бірге жалпы ғылыми және тіл білімінің кең тараған зерттеу әдістері мен тәсілдерін меңгерту. Сонымен бірге ғылыми ойды жеткізу мен дәлелділікке қойылатын талаптармен таныстырудың маңызы зор, өйткені ғылыми зерттеу белгілі бір өлшемдерге сәйкес келуі тиіс.	Бұл курс ғылыми зерттеудің мазмұны мен әдістері туралы жүйелі түсініктерді қалыптастыруға, түрлі салаларда зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін білім, дағды, технологиялар мен әдістерді игеруге бағытталған. Пән бағдарламасы ғылыми зерттеу тақырыбын, мақсаттары мен міндеттерін тұжырымдау жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды; теориялық және эксперименттік зерттеулердің әдіснамасын зерделеу; зерттеулерді талдау және тұжырымдар мен ұсыныстар беруді қамтиды. Ғылыми зерттеулердің енгізілуі мен тиімділігіне, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және дипломдық жұмыстарды ресімдеу ережелеріне көп көңіл бөлінеді.	Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Әдебиеттануға кіріспе Постреквизиттері: Жалпы тіл білімі, Әдебиет теориясы	A) Қазіргі тіл біліміндегі зерттеулердің маңызды процедураларын меңгереді; B) Материалды жинау және өңдеудің мүмкін жолдарымен танысады; ғылымда қол жеткен жетістіктерді пайдалануға үйренеді; C) ғылыми ойды жеткізу мен дәлелділікке қойылатын талаптармен танысады; D) ғылыми зерттеудің өлшемдерімен танысады; E) Ғылыми зерттеудің өлшемдерімен таныстыру.
11	Ұлттық руханият	Адамның рухани дамуы мәдениетте үлкен рөл атқарады. Өйткені, руханилығы жоғары адамдары бар қоғам ғана жоғары дамыған мәдениет жасай алады. Жеке адамның рухани дамуы халықтың санасымен, психологиясымен, саяси белсенділігімен ұштасып жатады. Қоғамның қалыпты рухани дамуы әлеуметтік құрылымға, әр түрлі	Курс рухани құндылықтар жүйесін, қазақтың ұлттық болмысын, руханияттың этномәдени бастауларын, ұлттық сананы, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, дүниетанымды, діни шыдамдылықты, салт-дәстүрлерді, өнерді, әдебиетті, ұлттық тәрбиені, дәстүрлі мәдениетті, жоғары сананы тәрбиелейтін рухани мұраны зерттейді. Пән әлемдік және	Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті Постреквизиттері: Абайтану, Әдеби шығармашылық	A) Мәдениетті адам өзінің мәдени деңгейін үнемі арттырады, B) Әр істе жоғары саналылық танытады, C) Дүниежүзілік әдебиет және көркемөнер жетістіктерімен үзбей танысып отырады, D) Рухани байлығы мол адам ғана шын мәдениеттің дамуына үлес қоса алады E) Адамгершілік қасиеттерді қастерлейді, рухани мұраттар мен құндылықтарды ұстанады.

		топтарға, олардың әрекет аясына өзгерістер енгізеді. Мәдениетті адам рухани бастаулардан нәр алатын қоғамда ғана қалыптасуы мүмкін.	жалпыадамзаттық құндылықтарды, халықтық дәстүрлерді, ата-баба мұрасын құрметтеу рухында тәрбиеленген рухани-адамгершілік тұлғаны қалыптастырады.		
12	Өндірістік практика	Студенттер таңдап алған мамандығы бойынша, практикалық білім мен дағдыларды үйрету мақсатын көздейтін, жоғары оқу орындарындағы мамандар даярлаудың басты құрамды бөлігі.	Өндірістік практика студенттердің алған теориялық білімдерін тәжірибеде сынауға әрі нығайтуға, сонымен қатар оқу орындарының өндіріспен байланысын жақсартуға ықпал етеді.	Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті Постреквизиттері: Әдеби шығармашылық, Аймақтық әдебиеттану	А) Қазіргі ғылымдағы зерттеулердің маңызды үлгілерін меңгереді; В) Материалды жинау және өндеудің мүмкін жолдарымен танысады; ғылымда қол жеткен жетістіктерді пайдалануға үйренеді; С) Ғылыми ойды жеткізу мен дәлелділікке қойылатын талаптармен танысады; D) Сала бойынша зерттеудің өлшемдерімен танысады; Е) Ғылыми зерттеудің өлшемдерімен таныстыру.
3-курс					
1	Философия	Студенттердің кәсіби маман, мемлекет азаматы ретінде қалыптасуына бағыт-бағдар беру. Осы мақсатта философияның адамзат әлеміндегі алатын орнын, философиялық дүниетанымның ерекшеліктерін, философияның қоғамдық сананың тарихи формаларының бірі ретіндегі қызметін, мәдениетпен, ғылыммен байланысын үйрету.	Оқу курсы білім алушының философияның қалыптасу тарихымен, философиялық танымның әдіс тәсілдерімен танысуға және алған білімін пәнаралық байланыс негізінде пайдалануға дағдылауға бағытталған. Курсты оқу барысында студент жалпы дүниетаным жүйесін, қоғамда орын алып жатқан түрлі саяси, мәдени, әлеуметтік құбылыстардың ішкі байланыстарын терең түсіне алады. Курс мазмұнын толық игеру арқылы білім алушы ойлау мәдениетін дұрыс меңгеруге дағдыланады.	Қоғамтану пәндері, Қазіргі заман Қазақстан тарихы, Әлеуметтану, Саясаттану. Ұлттық руханият, Мәдениеттану, Психология.	1. Білу және түсіну: Философиялық ойдың дамуының негізгі кезеңдерімен және қазіргі заманның өзекті дүниетанымдық мәселелерімен таныс іргелі философиялық ұғымдар мен категорияларды түсінуді көрсетеді. 2. Білімді қолдану: Кәсіби және жеке қызметті талдауда философиялық тәсілдерді қолдана алады; философиялық принциптер негізінде әлеуметтік, этикалық және дүниетанымдық мәселелерді түсінуге қабілетті. 3. Пайымдау, идеяны бағалау және тұжырымдарды қалыптастыру саласындағы білігі: Сыни тұрғыдан ойлау дағдыларына ие, философиялық мәселелер бойынша өз пайымдауларын тұжырымдай және дәлелдей алады, логикалық және этикалық талдау негізінде қорытынды жасай алады. 4.Қарым-қатынас саласындағы іскерлігі (коммуникативтік қабілеттер): Философиялық идеялар мен ұстанымдарды

					<p>ауызша және жазбаша түрде тиімді білдіреді, әртүрлі көзқарастарға құрмет көрсете отырып, күрделі дүниетанымдық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысады.</p> <p>5. Оқыту саласындағы дағдылар (оқуға қабілеттілік): Философиялық дереккөздерді дербес зерттеуге, жеке дүниетанымды рефлексиялауға және түсінуге, сондай-ақ гуманитарлық ғылымдар саласында одан әрі тереңдетіп оқытуға қабілетті.</p>
2	Жасанды интеллект және цифрландыру	Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды пайдалануға байланысты студенттерді дайындау, қазақ әдебиетін оқытуда нейрондық желілерді және басқа да AI технологияларын құруды үйрету; Цифрлық платформаларды, онлайн курстарды, электронды оқулықтарды және оқу мен өзін-өзі тәрбиелеуге арналған басқа да электронды ресурстарды пайдалануды үйренеді.	Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды пайдалануға байланысты студенттерді дайындау, қазақ әдебиетін оқытуда нейрондық желілерді және басқа да AI технологияларын құруды үйрету; Цифрлық платформаларды, онлайн курстарды, электронды оқулықтарды және оқу мен өзін-өзі тәрбиелеуге арналған басқа да электронды ресурстарды пайдалануды үйренеді.	<p>Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті</p> <p>Постреквизиттері: Әдеби шығармашылық, Аймақтық әдебиеттану</p>	<p>А) Журналистикадағы жасанды интеллект – бұл дәстүрлі түрде адамның құзыреті деп саналатын шығармашылық функцияларды орындай алатын ақылды компьютерлік бағдарламаларды құруды түсінеді.</p> <p>В) ЖИ – бұл дәстүрлі түрде адамның құзыреті деп саналатын шығармашылық функцияларды орындай алатын ақылды компьютерлік бағдарламаларды құру технологиясын біледі.</p> <p>С) Технологиялық инновацияларды және олардың журналистикаға әсерін меңгереді.</p> <p>Д) Теориялық және қолданбалы тіл білімі бойынша базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана алады.</p> <p>Е) Тақырып бойынша дереккөздерді жинап және талдау жасайды</p>
3	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	Қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен жай сөйлемнің жасалу жолдары мен амал-тәсілдерін, грамматикалық категорияларды, сөз тіркесінің құрылымын теориялық негізде игерту, тілдік элементтердің құрылымдық ерекшеліктеріне талдаулар жасау арқылы еркін пайымдай алатындай дәрежеде дағды қалыптастыру.	Жай сөйлемнің теориялық мәселелерін меңгерту, жай сөйлемнің айырым белгілері, типтері, баяндауыштарының бастауышпен қиысу мәселелері, жасалуы, қазіргі қазақ тілінің синтаксис саласының ғылыми негіздемесін меңгереді. Жай сөйлемнің негізгі ерекшелігі болып табылатын құрамындағы сөздердің өзара бір-бірімен семантикалық бірлікте болуы, екпін тұтастығы,	<p>Пререквизиттері: / Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы</p> <p>Постреквизиттері: Ауызекі дискурстың зерделенуі мен тәжірибесі, Жалпы тіл білімі</p>	<p>А) Білім алушылар өзін-өзі оң бағалайды, тіл үйренуге ұмтылады, азаматтық бірегейлік және лингвистикалық толеранттылықты игереді, білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады.</p> <p>В) Тіл білімі саласы бойынша білім элементтерін түсінеді; Лингвистикалық бағыттағы материалдарды жинаудың, талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді.</p>

			сөздердің орын тәртібі, тіл білімінің негізгі салаларының жіктелімін, ғылымдағы жаңа терминдермен таныс болады.		С) Тіл білімі бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін кәсіби деңгейде қолданады; D) Теориялық және қолданбалы тіл білімі бойынша базалық білімін зерттеушілік және кәсіби бағытта қолдана алады; E) Тіл білімі бойынша қазіргі ғылыми парадигманың даму динамикасын, әдіснамалық принциптері мен тәсілдерін, базалық дағдыларын игергендігін көрсетеді; Лингвистикалық бағыттағы зерттеулер мазмұнын салыстырып, өзіндік ой-пікір білдіріп, тұжырым жасай отырып бағалайды.
4	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы	«XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің тарихы» – жоғары оқу орындарында білім бағдарламасына сәйкес студенттерге XX ғасырдың басындағы алаш әдебиеттанушыларының әдеби мұрасын зерттеуге бағытталған. Бұл пән қазақ әдебиетінің ұлттық-азаттық күрес кезеңіндегі маңызды кезеңін талдауға мүмкіндік береді. Алаш арыстарының шығармалары, олардың қоғамдық-саяси идеялары мен әдебиеттегі орны осы пән аясында қарастырылады.	Бұл пәнде жазба әдебиеттің ең бір өнімді де көркемдік ізденіске толы кезеңі - XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихы жүйеленеді. Аталмыш кезеңнің қазақ әдебиеті даму үрдісіндегі өзіндік орны, түрлі әдеби бағыттардың жазба әдебиеттің өркендеуіне қосқан үлесі қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік үдерістерімен бірлікте алынып қарастырылады.	Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті Постреквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдеби шығармашылық	A) Алаш қозғалысы қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылық мұрасын біледі, олардың қазақ әдебиетіндегі рөлін түсінеді. B) Алаш әдебиеті бойынша алынған білімді тарихи және әдеби контексте талдай отырып, қолдана біледі. C) Алаш зиялыларының әдеби шығармаларын, олардың идеологиялық және қоғамдық-саяси көзқарастарын, қазақ әдебиетіне қосқан үлестерін талдайды. D) Эссе, аналитикалық баяндамалар, мәнжазбалар жазу арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады, жаңаша идеяларды синтездеу және жоспар құру дағдыларын меңгереді. E) Алаш әдебиетінің қазақ мәдениеті мен қоғамына әсерін бағалап, тарихи және қазіргі заманғы маңызын сындарлы тұрғыдан бағалайды.
5	Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихы	Қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды да күрделі кезең болып табылатын XX ғасырдың 1940-1990 жж. әдеби процесс пен әдебиет тарихы туралы хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген табыстары	Курсты оқу барысында студенттер Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті өкілдердің шығармашылығымен танысады. XX ғасырдың 1940-90 ж.ж. әдебиет өкілдерінің көркем шығармаларын, оқу-ағарту, мәдениет саласының	Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті Постреквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы	A) Жанрлар жүйесін білу және түсіну: Студенттер қазақ әдебиетінің негізгі жанрларын, олардың құрылымдық ерекшеліктерін және тарихи дамуын терең түсінетін болады. B) Жазба әдебиеттің өзара байланысын, олардың әсерін практикалық тұрғыда қолдана білуі.

		турасында студенттерге толық, тиянақты білім беріледі. Әр түрлі ауқымды тақырыптарға арналған көркем туындылардың өзіндік ерекшеліктері мен маңызы, өзіндік сипаты, дәстүр жалғастығы кеңінен оқытылады.	түрлі мәселелеріне арналған еңбектерін жан-жақты қамти отырып, олардың қазіргі заманғы әдебиетімізде алатын орнын зерделеу, әдеби туындылардағы қоғамдық, тарихи мәселелердің көрінісін ажырата алуға үйренеді.		С) Әлемдік әдебиеттану бағыттарын талдай білу. Әлемдік әдебиеттану ғылымындағы негізгі теориялық мектептер мен бағыттарды танып біледі және жанрлық түрлерін талдай біледі. D) Көркем мәтіндерді зерттеу арқылы поэтикалық тәсілдер мен көркемдік құралдарды қолданып, аналитикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Эссе, баяндамалар мен мәнжазбалар жазып, жаңаша идеяларды синтездеу және жоспар құру дағдыларын меңгереді. E) Тарихи-зерттеу принциптерін қолданып, оның қоғамдағы маңызын және тарихи рөлін анықтай алады. Курс материалдарының құндылығын анықтап, қорытындылардың сәйкестігін сын тұрғысынан бағалауға дағдыланады.
6	Әдебиет пәндерін оқытудың инновациялық және компьютерлік технологиялары	Студенттерді республикамыздың мектеп, мекемелерінің іс-тәжірибесінде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологиямен таныстыру, жаңашыл мұғалімдердің оқыту әдістерін оқып-талдауға үйрету. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдістерін ұйымдастыруға бағыт беру.	Бұл пән жалпы білім беретін және жоғары оқу орындарында әдебиет пәнін оқытуда қолданылатын инновациялық әдістер мен компьютерлік технологиялардың түрлері мен тиімділігін қарастырады. Пәннің мақсаты – заманауи білім беру талаптарына сай, цифрлық құралдарды, мультимедиалық ресурстарды, онлайн платформалар мен интерактивті әдістерді әдеби білім беру үдерісіне тиімді енгізудің жолдарын меңгерту. Пән аясында оқытудың жобалау, модульдік, саралап оқыту, геймификация, цифрлық визуализация, мультимедиалық презентация секілді инновациялық тәсілдері мен әдеби мәтінді сандық форматта талдаудың мүмкіндіктері қарастырылады. Сонымен қатар, әдеби білім беруде білім алушының	Пререквизиттер: XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы Постреквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдеби шығармашылық	A) Студенттердің педагогикалық ізденіс пен шығармашылық жұмыс істеу қабілеттерін дамыту. B) Студенттерді жаңа талап деңгейінде ғылыми әдістемелік шығармашылыққа баулу. C) ҚР бойынша әдебиетті тиімді оқытып жүрген озат тәжірибелі, жаңашыл мұғалімдер еңбектерін оқу, зерттеу. D) қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің терминдерін меңгерту; E) оқу-әдістемелік кешен түсінігін қалыптастыру;

			сын тұрғысынан ойлау қабілетін, шығармашылық және коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған әдістер де қамтылады.		
7	Алаш әдебиеттануы	«Алаш әдебиеттануы» – жоғары оқу орындарында білім бағдарламасына сәйкес студенттерге әрбір әдебиеттанушының қазақ әдебиетіндегі көркемсөз құдіреті, олардың зерттеуге қосқан үлесі, ғылыми, әдеби - теориялық ой - тұжырымдары жан - жақты оқытылады. Асыл сөздің басты міндетін айғақтап, оны іс жүзінде қазақ тілінде көр сөтіп берген де осы Алаш әдебиеттанушылары екенін нақты, ғылыми дәйектер мен тұжырымдар арқылы хрестоматиялық тұрғыда дәлелдеп береді.	Пәннің мақсаты ұлт тұтастығы идеясының әдебиет тарихындағы ең елеулі, маңызды, кезең XX ғасырдың алғашқы ширегінде екендігін ұғындыру. Аталған кезеңдегі Қазақстандағы оқу-ағарту мәселелері; кітап басу ісінің жандануы; негізгі әдеби бағыттар; діни-ағартушылық ағымдағы ақындар және ағартушылық демократтық бағыттағы қаламгерлердің шығармашылығымен танысады. Алаш тақырыбының қазақ әдебиетіндегі маңызы, өміршеңдігі, дәстүр сабақтастығы, қолданылу ауқымы, таралу кеңістігі қарастырылады.	Пререквизиттері: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы	А) XX ғасырдың басындағы алаш әдебиеттанушыларының өмірі мен шығармашылық мұрасын біледі, олардың қазақ әдебиетіндегі рөлін түсінеді. В) Бұл пән қазақ әдебиетінің ұлт-азаттық күрес кезеңіндегі маңызды кезеңін талдауға мүмкіндік береді. Алынған білімді тарихи және әдеби контекстте талдай отырып, қолдана біледі. С) Алаш зиялыларының әдеби шығармаларын, олардың идеологиялық және қоғамдық-саяси көзқарастарын, қазақ әдебиетіне қосқан үлестерін талдайды. D) Эссе, баяндамалар жазу арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады, Е) Алаш әдебиетінің қазақ мәдениеті мен қоғамына әсерін бағалап, тарихи және қазіргі заманғы маңызын бағалайды.
8	XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиетінің тарихы (1940-1990 жж.)	Пән студентке аталған кезеңдегі қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейін, әдеби дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасын, шығармаларда көтерілген идеялық-мазмұндық мәселелерді тануға негіз болады. Сонымен қатар, әдебиеттану ғылымындағы тұжырымдар мен әдістерді қолдана отырып, мәтінге талдау жасау дағдысы қалыптасады.	Бұл пәнде XX ғасырдың 1940–1990 жылдар аралығындағы қазақ әдебиетінің даму бағыттары, тақырыптық-идеялық мазмұны, жанрлық ерекшеліктері қарастырылады. Пән әдебиет пен тарихтың байланысын ашып көрсетіп, сол дәуірдегі қоғамдық-саяси жағдайлардың көркем шығармаға ықпалын айқындайды. Кеңестік кезеңдегі әдеби үдерістің ерекшеліктері, жазушылар шығармашылығына қойылған талаптар мен шектеулер, әдебиеттің тәрбиелік, идеологиялық рөлі кеңінен сараланады. Пән студентке	Пререквизиттері: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті, XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы	А)Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы; В)Өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; С)Әдебиеттің халықтығы, мазмұны мен пішініне қатысты білім деңгейлерін көтеру; D)Көркем туындының композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру мәселелеріне талдау жасауды үйренеді; Е)Көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.

			аталған кезеңдегі қазақ әдебиетінің көркемдік деңгейін, әдеби дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасын, шығармаларда көтерілген идеялық-мазмұндық мәселелерді тануға негіз болады. Сонымен қатар, әдебиеттану ғылымындағы тұжырымдар мен әдістерді қолдана отырып, мәтінге талдау жасау дағдысы қалыптасады.		
9	Құрмалас сөйлем синтаксисі	Қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен жай сөйлемнің жасалу жолдары мен амал-тәсілдерін, грамматикалық категорияларды, сөз тіркесінің құрылымын теориялық негізде игерту, тілдік элементтердің құрылымдық ерекшеліктеріне талдаулар жасау арқылы еркін пайымдай алатындай дәрежеде дағды қалыптастыру.	Құрмалас сөйлемнің синтаксисі курсы оқытуда қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдер мәселелеріне арналған жаңа зерттеулердің нәтижелерімен таныстырылады. Жалпы тіл біліміндегі теориялық тұжырымдамаларды игертіледі. Құрмалас сөйлемдер, зерттелуі, құрмалас сөйлем түрлері, салалас құрмалас сөйлемдер, сабақтас құрмалас сөйлемдер, көп құрамды құрмалас сөйлемдер, түрлеріне анализ жасау, ажырату негізінде сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап үйретіледі. Мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырылады.	Пререквизиттері: / Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі, Постреквизиттері: Жалпы тіл білімі, Стилистика және тіл мәдениеті	А) Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, қазақ жазуы тарихы, әдебиет тарихы, кәсіби қазақ тілі, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін, түсінеді, В) Тіл білімі саласы бойынша білім элементтерін түсінеді; лингвистикалық бағыттағы материалдарды жинаудың, талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді; С) Тіл білімі бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін кәсіби деңгейде қолданады; D) Кәсіби қызметке және магистратурада оқуды жалғастыруға қажетті тіл білімі мен әдебиеттану, журналистика салалары, әдебиет тарихы бойынша жаңа білімді меңгереді. E) Тіл білімі бойынша қазіргі ғылыми парадигманың даму динамикасын, әдіснамалық принциптері мен тәсілдерін, базалық дағдыларын игергендігін көрсетеді;
10	Шешендік өнер	Шешендік өнердің ғылым ретінде қалыптасуының дамуын, оның негізгі кезеңдерін, концепциялары мен қазіргі заманғы үрдістерін; әдебиеттің өнердің түрі ретінде ерекшелігін және оның жалпы ерекшеліктерін; адамның жеке	Курс барысында студенттерге халық әдебиеті тарихындағы шешендік өнердің алатын орны туралы білім беріледі. Түркі тектес халықтар көне жазба ескерткіштердегі шешендік сөз туралы пікірлерді зерделейді.	Пререквизиттері: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Алаш әдебиеттануы Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы	А) Авторлық сезім әрекетіне бой алдырғыш түрлерін немесе мазмұн түрлерін батырлық, сентиментальдық, романтикалық, әдеби жанрлар мен олардың түрлерін көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады.;

		және қоғамдық өміріндегі әдебиеттің алатын орнын, көркем әдебиеттің танып-білерлік, сезім әрекетіне бой алдырғыш және творчестволық-жасампаздық табиғатын; көркем, әдеби образдар ерекшелігін, көркем әдеби творчествоның тұрақты типологиялық бір түрін игереді;	Ертедегі би-шешендердің сөз сөйлеу өнеріне қатысты ой-пікірлерді жүйелей алады, «Жеті жарғы» заңы, ондағы шешендікке байланысты баптармен танысады. Билер сөзі және қазақтың шешендік өнері туралы ғылыми тұрғыдан толық мәлімет игереді.		В) Әдеби дамудың нақты тарихи формалары мен оның заңдылықтарын: жазушының творчестволық даралығын, көркем шығарманың біртұтастығын, көркемдік жүйелерді, творчестволық әдістерді, әдеби бағыттарды, ағымдарды, стильдерді талдайды. С) Ұлттық рухани құндылықтарды, кәсіби тіл заңдылықтарын, құқық негіздері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет талаптарын, шешендік өнер негіздерін меңгереді. Д) Мәнжазбалар жазу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамытады, жаңаша идеяларды синтездеу және жоспар құру дағдыларын меңгереді. Е)Әдеби бағыттағы зерттеулер мазмұнын салыстырып, өзіндік ой-пікір білдіріп, тұжырым жасай отырып бағалайды.
11	Ауызекі дискурстың зерделенуі мен тәжірибесі	Қазіргі жаһандану үдерісі ғылым салаларының тоғысуы мен бірігуіне ғана ықпал етпей, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етті. Жаңа бағыттағы лингвистика – тіл білімінің қоғамдық-әлеуметтік орны мен рөлінің күшеюіне орай, адамзаттың ой мен тіл, сана мен сөйлеу, ым-қимыл, таным мен тілдік қарым-қатынас үдерістерінің бірлескен әрекеті нәтижесінде тілші-ғалымдар алдына жаңа идея, тың ізденісті қажет еткен сала. Тіл біліміндегі ақпараттық, танымдық, психо-әлеуметтік теорияның ғылыми негіздерін меңгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой-өрісін, зияткерлігі мен жан-жақтылығын кеңейту.	Курстың мақсаты – ауызекі дискурстың зерделену ерекшеліктерін меңгерту арқылы қарым-қатынастың сәттілігін қамтамасыз етуге үйрету. Негізгі мазмұны келесідей тақарыптарды қамтиды: дискурс терминінің мәні, оны талдаудың, зерттеудің қажеттілігі, әңгімелесу, сөз, дискурстың арақатынасы және сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына үңілу. Сондай-ақ, «Сөйлемдегі тіл» мен «Әрекеттегі тіл» арақатынасын да қарастырады Билік, білім, тәжірибе және әлеуметтік шындық құрылысын меңгереді.	Пререквизиттері: / Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі, Постреквизиттері: Жалпы тіл білімі, Стилистика және тіл мәдениеті	А) Негізгі оқу материалдарын түсіну; В) Тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру; С) Тілдің терең мазмұндық құрылымын тану, Д) Тілдің ұлттық табиғатын тану, ұлт өміріндегі рөлі мен қызметін әр қырынан сараптауға үйренеді Е). Тіл білім және әдебиет тарихы, оқыту әдістемесі бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады.

12	Журналистикаға кіріспе (minor)	Қазіргі заманда табиғи және әлеуметтік кеңістіктегі әртүрлі форматтағы масс-медиадың, ақпарат құралдарының мүмкіндігі мен ролі анағұрлым артып отыр. Журналистиканың шығармашылық феномен екендігі де айқындала, нақтылана түсті. Жаратылыс бітімімен, қоғам үдерісімен тығыз байланысты журналистика құбылысын түсіну, қаламгерлік шеберліктің алғашқы сатысын меңгеру «Журналистикаға кіріспе» атты жалпы пәнінен бастау алады және аталмыш курс журналистика тану процесінде іргелі курстардың қатарына кіреді.	"Журналистикаға кіріспе" пәні студенттердің танымдық-әдіснамалық бағытын, қоғамдағы журналистиканың рөлін, ақпараттық қызметтің табиғатын, журналистік қызметтің ерекшеліктерін, журналистиканың функциялары мен принциптері, оның әсерлілігі мен тиімділігі, қазіргі блог мәтіндерінің әлеуметтік аспектілері туралы нақты түсініктерін қалыптастыруға; журналистік мамандықты құжаттық-әдеби және ұйымдастырушылық шығармашылықтың ерекше нысаны ретінде дәлелдеудің теориялық және практикалық дағдыларын белсенді әдістер арқылы қалыптастыруға бағытталған.	Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Шешендік өнер Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы	А) Журналистиканың пайда болу, қалыптасу кезеңдеріне жан-жақты тоқталып, қазіргі журналистиканың ерекшеліктерін түсінеді. В) Журналистика жанрлары-мақала, репортаж, тікелей эфир т.б. түрлерімен танысып, шығарма жазу барысында қолдана біледі. С) Қазақ журналистикасы мен әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарындағы методологиялық ортақтастық мәселелерін, жанрлық жіктелімін классификалық тұрғыда жіктей біледі. D) Журналистика функциялары мен пішіндері, журналист құқықтары мен сөз бостандығы туралы ғылыми тұрғыда талдау дағдыларын қалыптастыруда шығармашылық тапсырмалар, эссе, мақала, репортаж жазып, жоспар құрады. Е) Журналистика саласы бойынша Диагностикалық бағалау, формативті бағалау, сумативті бағалау, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау нәтижесін меңгереді.
13	Тележурналистика (minor)	Ақпарат пен ақпараттық технологиялар ғарыштық жылдамдықпен дамыған қазіргі шақта бұқаралық ақпарат құралдарының да қоғам өміріндегі маңызы жыл өткен сайын артып келеді. Студенттерді тележурналистиканың ерекшелік сипаттарымен, телерадионың пайда болуымен және хабар таратудың дамуымен, Қазақ телерадиосының өсу кезеңдерімен, жұмыс істеу әдістерімен, телерадиохабар әзірлеудің шығармашылық процесімен, жанрларымен және пішіндерімен,	Пәнді оқу барысында студенттер журналистің негізгі кәсібімен танысады, оның ерекшеліктері, қиындықтары, мамандықтың маңыздылығы игереді. Теле, радио және интернет журналистиканы қоса алғандағы журналистика түрлерін меңгереді. Репортаж түрлері, оны жасау ережелері; кадрдағы журналистің жан-жақтылығы; сұхбат жүргізушінің шеберлігі; жұмыс түрлері; интернеттен түсетін ақпаратпен жұмыс; қажетті ақпаратты ала білу; баспасөз қызметтерін тиімді	Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Шешендік өнер Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдеби шығармашылық	А) Журналистиканың негізгі ерекшеліктері ажыратып, әдебиет теориясының жанрлық түрлері бойынша терминдердің анықтамасы мен қолданысын мысалдар келтіре отырып түсінеді; В) Алдыңғы қатарлы білім элементтерін түсінеді, көрсете біледі; С) Оны кәсіби деңгейде қолданады; D) Филологиядағы озық ғылыми нәтижелерді игеріп, Е) Ақпараттық коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады.

		телерадиожурналистің еңбек қатынасын реттейтін кәсіби-этикалық ережелері және қағидаларымен, радиожурналистиканың қазіргі теориялық мәселелерімен таныстырудың тәсілдерін үйрету.	ұйымдастыра білу шарттары туралы біледі.		
14	«Қоғаммен байланысқа» кіріспе(minor)	Пәнді оқыту арқылы студенттерді шығармашылыққа баулу, олардың рухани дүниесін байыту, эстетикалық, интеллектуалдық, көркемдік, адамгершілік, азаматтық тәрбие беру, логикалық ойын, ауызекі және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыру.	Курс барысында студенттер қоғаммен байланыстың (PR) және коммуникациялардың алдыңғы қатарлы жетістіктері, классикалық және сандық PR-құралдарын қолдана білуді меңгереді; PR-жобаларды жүзеге асыру дағдылары негізінде құзыреттіліктерін қалыптастырады. Қазақстанда және халықаралық нарықта жұртшылықпен байланыс жөніндегі мамандармен, имиджмейкерлермен, брэнд-менеджерлермен, продюсерлермен, SMM-мамандармен, контент модераторларымен, аккаунт-агенттермен одан әрі жұмыс істеу үшін медиарилешнз, сандық PR, SEO бойынша тұрақты практика арқылы қоғаммен байланыс жасауға үйренеді.	Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Жасанды интеллект және цифрландыру Постреквизиттері: Әдеби шығармашылық, Әдебиет теориясы	А) Филологиялық білімдерін кәсіби деңгейде еңбек нарындағы нақты сұраныстарға сай пайдаланады және қолданады; В) Негізгі оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың барлық түрлерінің негізгі әдістері мен тәсілдерін игереді; С) Филологиядағы озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады; D) Филология саласындағы қазіргі ғылыми парадигманың және оның даму динамикасы, зерттеулердің әдіснамалық принциптері мен әдістемелік тәсілдерін игергендігін көрсете алады; Е) Өзін-өзі дамыту және мансаптық дәрежеде өсу қағидаларын біледі, білімін терең, жан-жақты көрсете алады.
15	Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы (minor)	Ақпарат пен ақпараттық технологиялар ғарыштық жылдамдықпен дамыған қазіргі шақта бұқаралық ақпарат құралдарының да қоғам өміріндегі маңызы жыл өткен сайын артып келеді. Ақпаратты жинаудың журналистік әдістерін практикалық меңгеру; Журналистік жанрларды игеру; Газет дайындау және өндіріс техникасымен таныстыру; Дербес шығармашылық және оқыту	Паблик рилейшнз институтының жұмыс істеу теориясы мен тәжірибесі, принциптері, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы рөлі туралы білім беру, жобаларды табысты іске асыру үшін алынған білімді пайдалана білуге үйрету, қоғамдық пікірді қалыптастыру, оған ықпал ете білуді үйрету, коммерциялық қызметке PR негізгі қағидаттарын енгізуді үйрету, қалыптастыруға бағытталған нәтижелі ұйымның	Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Алаш әдебиеттануы Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы	А) Паблик рилейшнз институтының жұмыс істеу теориясы мен тәжірибесі, принциптері, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы рөлі туралы білім беріледі; В) Жобаларды табысты іске асыру үшін алынған білімді пайдалана білуге үйренеді; С) Қоғамдық пікір қалыптасады; D) Өз қызметіне PR негізгі қағидаттарын енгізуді үйренеді; Е) Белгілі бір ұйымның (фирманың) имиджін жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу механизмдерін меңгереді.

		дағдыларын дамыту; Баспа басылымын өндіру технологиясын меңгеру.	(фирманың) имиджін жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу механизмдерін меңгерту.		
16	Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің тарихы	Бұл пән әдеби бағыттардың ерекшеліктері мен ортақ бірлігін ажыратып, белгілі өкілдерінің шығармашылығы арқылы творчестволық жетістіктер мен кемшіліктерді саралауы тиіс. Әрқилы әдебиет өкілдерінің шығармашылық лабораториясына бару арқылы ілгерішіл әдеби қаламгерлердің шығармашылықтарындағы басты жетістіктерін ашуы тиіс.	Бұл пән тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңдегі (1991 жылдан бастап) қазақ әдебиетінің даму бағыттарын, тақырыптық, идеялық және жанрлық ерекшеліктерін қарастырады. Пәннің негізгі мақсаты – егемендік кезеңіндегі ұлттық рухани жаңғыруды, тарихи сананың әдебиеттегі көрінісін, заманауи әдебиеттегі жаңа көркемдік ізденістерді жүйелі түрде талдау. Тәуелсіздікпен бірге әдебиетте бұрын тыйым салынған тақырыптар ашық қозғала бастады. Пән аясында ұлттық тарих, азаттық идеясы, ұлттық болмыс пен мәдениет, қоғам мен тұлға мәселелері көркем әдебиеттегі көрінісімен байланыстырыла қарастырылады. Сонымен қатар, жаңа буын қаламгерлердің шығармашылық бағыттары мен әдеби процеске әкелген жаңалықтары да зерделенеді.	Пререквизиттері: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Алаш әдебиеттануы Постреквизиттері: Аймақтық әдебиеттану, Әдебиет теориясы	А) Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетіндегі прозалық шығармалар мен оның рухани-эстетикалық үрдістері туралы түсінік беру; В) Осы дәуірдегі қазақ әдебиеті шығармаларының баяндаушылық ерекшеліктерімен таныстырып, теориялық және әдістемелік тұрғыдан әдеби мәтінді талдау дағдыларын қалыптастыру; С) Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті пәні бойынша алған білімдерін қазіргі заман әдебиетінің жанрлық түрлерін зерделеу; D) Студенттердің арнайы дайындығының теориялық және практикалық негізін ескеру; Е) Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиеті пәнінің мақсаты мен ерекшелігін айқындау.
17	Абайтану	«Абайтану» пәнінің мақсаты – қазақтың ұлы ақыны, ойшылы және ағартушысы Абай Құнанбайұлының шығармашылығын, философиялық және қоғамдық көзқарастарын терең зерттеп, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін талдау. Пән арқылы студенттер Абайдың поэзиялық және прозалық еңбектерінің мазмұнын,	Абайтану сан алуан маңызды мәселелерді қамтиды, шығармашылық жолының халықтық негіздерін, ұлттық сипатын айқындайды, лирикалық шығармаларының, дастандары мен қара сөздерінің тақырыптық, идеялық, жанрлық, тілдік ерекшеліктерін, ақындық тұлғасын, суреткерлік әдісін, көркемдік шеберлігін тереңдеп ашып	Пререквизиттері: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Алаш әдебиеттануы Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Аймақтық әдебиеттану	А) Студенттер Абай Құнанбайұлының өмірбаяны, шығармашылық мұрасы және қоғамдық-саяси көзқарастары туралы негізгі ақпараттарды біледі және түсінеді. Олар Абайдың қазақ мәдениеті мен әдебиетіндегі орнын және оның ойшылдығының мәнін толық меңгереді .В) Студенттер Абай шығармаларын қазақ әдебиеті мен тарихы контекстінде талдау әдістерін қолданып, ақынның еңбектерін заманауи мәселелермен байланыстыра

		олардың рухани, мәдени және тәрбиелік маңызын меңгереді, сонымен қатар Абайдың ойшылдық мұрасын қазіргі заманға бейімдеудің жолдарын қарастырады.	көрсетуге қатысты мәселелерді, сондай-ақ ұлы ойшыл ақынның дүниетанымын, қоғамдық, философиялық, эстетикалық көзқарастарын зерттеу мәселесін айқындайды.		алады. Олар Абайдың философиялық идеяларын нақты мысалдар арқылы дәлелдеуді үйренеді. С) Студенттер Абайдың шығармаларына терең талдау жасап, оның поэзиялық және прозалық еңбектерінің мазмұнын, стилін және философиялық идеясын айқындай алады. Сонымен қатар, олар Абайдың дүниетанымының тарихи және мәдени аспектілерін талдайды. D) Студенттер Абайдың идеялары мен көзқарастарын негізге ала отырып, эссе, аналитикалық баяндамалар және мәнжазбалар жаза алады. Олар Абай мұрасын қазіргі заман контекстінде қайта синтездеп, шығармашылық және ғылыми жоспарлар құру дағдыларын меңгереді. Е) Студенттер Абай шығармаларының әдеби және мәдени маңыздылығын бағалап, оның қазақ халқының рухани және ұлттық дамуына қосқан үлесін объективті түрде сараптай алады. Олар Абай мұрасына қатысты түрлі көзқарастарды сын тұрғысынан бағалауды үйренеді.
18	Қазіргі қазақ әдебиеті	Қазіргі қазақ әдебиеті пәні тәуелсіздік алған жылдардағы ұлттық әдебиеттегі көркемдік қуаты ерен, парасат-пайымдау толғамы терең ерекше шығармалардың генезисі, стилистикасы, поэтикасы, сөз өнерпазының көркемдік-философиялық дүниетанымы, жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, ғылыми-танымдық ерекшеліктері, адам-табиғат қарым-қатынастары жаңаша талдануға тиіс.	Қазіргі қазақ әдебиеті пәнін оқуда студенттер тәуелсіздік алған жылдардағы ұлттық әдебиеттегі көркемдік қуаты ерен, парасат-пайымдау толғамы терең ерекше шығармалардың генезисі, стилистикасы, поэтикасы, сөз өнерпазының көркемдік-философиялық дүниетанымы, жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, тағылымдық-танымдық ерекшеліктері, адам-табиғат-көркем туынды қарым-қатынастарын игереді. Қаламгерлердің көркемдік ізденістері, әдеби туындылардың танымдық және тағылымдық мәні,	Пререквизиттері: Алаш әдебиеттануы, Шешендік өнер Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Әдеби шығармашылық	А) Студенттер тақырып таңдау, материал жинау, конспект жазуды меңгере біледі; В) Ақын-жазушылар шығармаларын ажырата алады; С) Ақын-жазушылар шығармаларының идеялық, эстетикалық мазмұнын аша білуге дағдыланады; D) Ақын-жазушылар шығармаларын талдаудағы оның табиғатын біледі. Е) Көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету

			орны, маңызы, ұлттық сипаты туралы біледі.		
19	Қ.Жұбанов - әдебиет және фольклор зерттеушісі	Қ.Жұбановты фольклор мен әдебиет зерттеушісі ретінде танытатын «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы», «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» атты ірі зерттеу еңбектері туралы, ғалымның абайтанудағы, яссауитанудағы өзіндік орны, оның фольклор мұраларын жинаушы және әдебиет зерттеушісі ретінде танытатын сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды.	Ғалымның рухани қазынасының мен ғибратты ғұмыр жолы, Қ.Жұбанов мұрасының ғылыми сипаты мен әлеуметтік маңызына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Қ.Жұбановтың озық ойлы көзқарасын танытатын зерттеулері «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы», «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» т.б. ғылыми зерттеулеріндегі фольклортану, әдебиеттану, түркітану мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары толыққанды түрде талданады.	Пререквизиттері: Алаш әдебиеттануы, XX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиетінің тарихы (1940-1990 жж.) Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Әдеби шығармашылық	А) Қ.Жұбановты фольклор мен әдебиет зерттеушісі ретінде танытатын «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы», «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» атты ірі зерттеу еңбектерін оқып-білу, В) Профессор Жұбанов Құдайберген Қуанұлының абайтанудағы, яссауитанудағы өзіндік орнына баға беру, С) Фольклор жинаушысы және әдебиет зерттеушісі ретінде тани білетін танымдық-білік қасиеттерін қалыптастыру. D) Қ.Жұбановтың этнографиялық суреттерге құрылған «Жайлауда», «Наурыз құтты болсын», «Ауылға хат», «Жаңа рамазан батасы» өлеңдерін, «Төрт қызық, мың бейнет, жарық ғұмыр памфлеті, «Таңжарықтың қуанышы» әңгімесі мен «Біз де ұлт театрына қарай маңдайладық», т.б. драмалық шығармаларға берген бағалы пікірлерін меңгеру, Е) Қазақ баспасөзінің қалыптасуына негіз болған мақалалары туралы білімді меңгереді.
20	Өндірістік практика	Студенттерге ұйымдар тілінің жалпы тілдік жүйедегі орны мен қолданыс ерекшеліктері туралы білім беріледі. Ұйымдар тілі туралы ұғым, олар туралы зерттеуші ғалымдардың тұжырымдары игертіледі. Ұйымдар тілінің қолданыс ерекшеліктері мен тиімділіктерін т.б. ажырата алу, ұйымдар тілі мен олардың тілдік жүйедегі қолданысы туралы зерттеген ғалымдар пікірлеріне тұжырым жасай алу, теориялық білімдерін	Өндірістік практиканың мазмұны білім беру бағдарламасы бойынша бастапқы жұмыс дағдыларын игеру, іргелі, жалпы білім беретін және базалық пәндер бойынша алған теориялық білімдерді бекіту және тереңдету, кәсіби қызмет түрлерін, олардың функциялары мен міндеттерін зерделеу, ұйымдастырушылық және кәсіптік өсуді сатып алу, командалық жұмыс құзыреттерін игеру және өз қызметін өз бетінше жоспарлау дағдылары меңгеру.	Пререквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Абайтану Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Өлемдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы	А) Лингвистикалық бағыттағы және аймақтық, қазақ, шетел әдебиеті бойынша, Алаш әдебиетіне қатысты материалдарды жинаудың, дискурстық талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді. В) Ұлттық рухани құндылықтарды, кәсіби тіл заңдылықтарын, құқық негіздері мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет талаптарын, өмір қауіпсіздігі негіздерін меңгереді. С) Лирика жанры, журналистика салалары, оқыту әдістемесі бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық

		қызмет барысында тәжірибеде қолдана алу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.			коммуникациялық технологияларды өзінің қызметінде еркін қолданады. D) Кәсіби қызметте және магистратурада оқуды жалғастыруға қажетті тіл білімі мен әдебиеттану, журналистика салалары, әдебиет тарихы бойынша жаңа білімді меңгереді. E) Өзін-өзі дамыту және кәсіпкерлік мансаптық дәрежеде өсу қағидаларын, өмір қауіпсіздігі ережелерін біледі, ұлттық рухани сипаттағы, филологиялық теориялық, әдеби шығармашылық сала бойынша және теле және бизнес саласындағы журналист ретіндегі білімін терең, жан-жақты көрсете алады.
4-курс					
1	Әдеби шығармашылық	«Әдеби шығармашылық» пәні – шығармашылық жұмыстардың түрлері туралы білімдерін жаңа теориялық ұғымдармен толықтыратын, сөйтіп, өнердің, әдебиеттің шығармашылық туралы өзекті теориялық мәселелерін қазіргі ғылымның озық жетістіктері негізінде жан-жақты, тарихи тұрғыдан қалыптастыратын курс болып табылады.	Әдеби шығармашылықтың сан алуан ерекшеліктері, көркем туындыны жазу процесіндегі әр қилы күрделі сипаттары жөнінде жан-жақты мағлұмат беріледі. Пән студенттердің танымдық, шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге, дамытуға негізделіп, шығармашылық жұмыстың сан қырлы мәселелерімен таныстыру негізінде творчестволық процестің заңдылықтарын білу, қабілет деңгейіне қарай оның технологиясы мен әдістемесі меңгертіледі, көркем әдебиет шығармаларына сыни көзқарас қалыптастырылады.	Пререквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Абайтану Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі	A) Тіл білімі мен әдебиет саласы бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін түсінеді, көрсете біледі; оны кәсіби деңгейде қолданады. B) Филологиялық білімдерін кәсіби деңгейде еңбек нарығындағы нақты сұраныстарға сай пайдаланады және қолданады. C) Әдеби материалдарды жинаудың, талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық деңгейлерін меңгереді. D) Ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады . E) Өзін-өзі дамыту және мансаптық дәрежеде өсу қағидаларын біледі, білімін терең, жан-жақты көрсете алады.
2	Стилистика және тіл мәдениеті	«Стилистика және тіл мәдениеті» пәні студенттерге тіл мәдениеті мен стилистика туралы жүйелі теориялық білімді игеруді көздейді, оны тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға негізделеді. Бұл	«Стилистика және тіл мәдениеті» ғылымының теориялық, қолданбалы, прагматикалық негіздерімен таныстыра отырып, қазақ әдеби тілінің мәдениеті мен стилистикалық құралдары, стильдік	Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Құрмалас сөйлем синтаксисі / Постреквизиттері: Жалпы тіл білімі, Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі	A) Тіл мәдениеті және стилистикасын игеру жолында студент өзінің білімін, стилистикалық талдау дағдысын, іскерлік қабілетін дамытып, ана тілінің қасиетін тереңінен таниды.

		пәнді оқытуда студенттерге лингвистикалық стилистиканың бағыттары және негізгі ұғымдары туралы, әсіресе функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беріледі, кез-келген мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйретеді.	тармақтары туралы мәлімет беріледі. Стиль түрлерін ажыратудың жолдарын оқытып, меңгертеді. Қазақ әдеби тілінің функциональды (мақсатты) стиль түрлері, классификациялау, дәстүрлі классификация, жалпы және жеке тіл біліміндегі бағыт-бағдары бойынша кең түрде мәлімет беріледі.		В) Пәнді оқытуда студенттерге лингвистикалық стилистиканың бағыттары және негізгі ұғымдары туралы меңгереді, С) Функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беріледі, Д) Кез-келген мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйретеді. Е) Құрмалас сөйлемдерді толық талдай алатын болады.
3	Аймақтық әдебиеттану	Ақтөбе өңірінен шыққан әдебиет өкілдерінің өмірі, шығармалары туралы мәлімет беру. Ел арасында жүрген ғылыми деректерді жинап, зерттеп жүрген зерттеуші-ғалымдар еңбегімен таныстыру.	Аталған пәнде Ақтөбе өңірі әдебиетінің негізгі үш саласы оқытылады: халық ауыз әдебиеті (фольклор), ақын-жырау поэзиясы және жазба әдебиеті. Осылардың ішіндегі ауыз әдебиеті үлгілері қазақ елінің басқа өңірдегілеріндей негізінен қатар дамыған болса, жырау поэзиясы басқа аймақтарда бұрын көтеріліп, қаланды деуге болады. Пәннің мақсаты жергілікті әдебиет өкілдерінің мұрасын жан-жақты оқыту болып табылады.	Пререквизиттері: Қазақ халық ауыз әдебиеті, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Магистратурада оқытылатын пәндер	А)Әдебиет тарихы бойынша білім элементтерін түсінеді; В) Әдебиеттанушылық бағыттағы материалдарды жинаудың, талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді; С) Әдебиет тарихы бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін кәсіби деңгейде қолданады; Д) Аймақтық әдебиеттің тарихи маңызы мен өзіндік ерекшеліктерін жалпы әдеби процессті бағалауда қолдана алады. Әдебиет өкілдерінің шығармаларын жанрлық, тақырыптық-идеялық, көркемдік жағынан талдайды. Е) Көркем шығармаларды талдауда, ақынның шығармашылық өмірбаянын талдауда ғылым элементтерді қосу, жаңаша құрастыру - эссе, аналитикалық баяндамалар, мәнжазбалар жазу, синтездеу және жоспар құру дағдыларын меңгереді.
4	Баспасөз және баспа ісі қызметін ұйымдастыру	Бұл пән жаңа технологияны пайдалана отырып, баспасөз мәтінін, аудио, бейне, интернет және басқа да материалдарды даярлап, редакциялауы, түрлі типтегі БАҚ-та орныққан норма, стандарт, формат, стиль, технологиялық талаптарды орындауы; ақпаратты өңдеуде	Бұл пән баспасөз және баспа саласының ұйымдастырылуын, жұмыс істеу принциптерін және өндірістік процестерін зерттейді. Пәннің мақсаты – студенттерге баспа өндірісінің негіздерін, баспасөздің құрылымын, оның жұмысын ұйымдастырудың негізгі тәсілдері мен әдістерін меңгерту.	Пререквизиттері: Шешендік өнер, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Жалпы тіл білімі	А) Жаңа технологияны пайдалана отырып, баспасөз мәтінін, аудио, бейне, интернет және басқа да материалдарды даярлап, редакциялай алады; В) Түрлі типтегі БАҚ-та орныққан норма, стандарт, формат, стиль, технологиялық талаптарды орындай алады; С) Ақпаратты өңдеуде заманауи компьютерлік бағдарламаларды, мобильді

		<p>заманауи компьютерлік бағдарламаларды, мобильді құралдарды және іздеу жүйелерін пайдалана отырып, техникалық және электронды есептегіш құралдарды меңгеруі; БАҚ-тың түрлі құрылымдарында, шығармашылық ұжымдарда жұмыстың ұйымдастырылуына белсенді араласуы, шешім қабылдауға қатысуы, өз жеке жұмысын ұйымдастыра білуі;</p>	<p>Курс аясында баспасөз ұйымдарының құрылымы мен қызметі, баспа өнімдерін дайындау мен шығару процесі, редакциялық жұмыс, баспасөздің ақпараттық саясаты мен оның қоғамдағы рөлі, сонымен қатар қазіргі заманғы баспасөз және баспа ісінің жаңашылдықтары қарастырылады. Сонымен қатар, курс баспа өндірісінде қолданылатын жаңа технологиялар, баспа өнімдерінің сапасын басқару, маркетинг және баспа саласындағы қаржы-экономикалық аспектілерді зерттеуге бағытталған.</p>		<p>құралдарды және іздеу жүйелерін пайдалана отырып, техникалық және электронды есептегіш құралдарды меңгереді; Д) БАҚ-тың түрлі құрылымдарында, шығармашылық ұжымдарда жұмыстың ұйымдастырылуына белсенді араласады; Е) Шешім қабылдауға қатысады және өз жеке жұмысын ұйымдастыра біледі.</p>
5	Журналист этикасы	<p>Ақпарат пен ақпараттық технологиялар ғарыштық жылдамдықпен дамыған қазіргі шақта бұқаралық ақпарат құралдарының да қоғам өміріндегі маңызы жыл өткен сайын артып келеді. Ақпаратты жинаудың журналистік әдістерін практикалық меңгеру; Журналистік жанрларды игеру; Газет дайындау және өндіріс техникасымен таныстыру; Дербес шығармашылық және оқыту дағдыларын дамыту; Баспа басылымын өндіру технологиясын меңгеру.</p>	<p>Бұл пән журналистика саласындағы моральдық және этикалық нормаларды, журналистің кәсіби қызметінде этикалық принциптерді қолдану жолдарын зерттейді. Пәннің мақсаты – студенттерге журналистік қызметте кездесетін этикалық мәселелерді түсіну және оларды шешудің жолдарын меңгерту, сондай-ақ кәсіби жауапкершілікті арттыру. Курс аясында журналистиканың негізгі этикалық принциптері, ақпаратты беру мен өндеудегі адалдық, шындық пен әділдік, жеке өмірді құрметтеу, жанжалды жағдайлар мен қоғамдық мүдде арасындағы теңгерімді табу мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, курс журналистің қоғам алдындағы жауапкершілігі, моральдық міндеттері және кәсіби этиканы сақтаудың маңызына ерекше назар аударады.</p>	<p>Пререквизиттері: Шешендік өнер, XV-XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Жалпы тіл білімі</p>	<p>А) Ақпаратты жинаудың журналистік әдістерін практикалық тұрғыда меңгереді; В) Журналистік жанрларды игереді; С) Газет дайындау және өндіріс техникасымен таныстырылады; Д) Дербес шығармашылық және жазу дағдыларын дамытады; Е) Баспа басылымын өндіру технологиясын меңгереді. Сонымен қатар, курс журналистің қоғам алдындағы жауапкершілігі, моральдық міндеттері және кәсіби этиканы сақтаудың маңызына ерекше назар аударады.</p>

6	<p>Әлемдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы</p>	<p>Студенттерді мультимедиялық журналистиканың ерекшелік сипаттарымен, пайда болуымен және хабар таратудың дамуымен, Қазақ мультимедиясының өсу кезеңдерімен, жұмыс істеу әдістерімен, телерадиохабар әзірлеудің шығармашылық процесімен, жанрларымен және пішіндерімен, журналистің еңбек қатынасын реттейтін кәсіби-этикалық ережелері және қағидаларымен, мультимедиялық журналистиканың қазіргі теориялық мәселелерімен таныстырудың тәсілдерін үйрету</p>	<p>Әлемдік және отандық бұқаралық ақпарат құралдарының даму тарихы пәні бұқаралық ақпарат құралдарының (БАҚ) әлем мен Қазақстандағы даму кезеңдері мен ерекшеліктерін зерттейді. Пәннің мақсаты – студенттерге БАҚ-тың құрылымы, функциялары, тарихы мен олардың қоғамдағы рөлі туралы кең ауқымды білім беру. Бұл курс әлемдік БАҚ тарихын, оның эволюциясын, ақпараттың таралу әдістерін, сонымен қатар бұқаралық ақпарат құралдарының саяси, әлеуметтік және мәдени процестерге әсерін қарастырады. Сонымен қатар, пән Қазақстандағы БАҚ-тың даму жолдарын, отандық басылымдардың, радио, телевидение және интернет-журналистиканың қалыптасуын талдайды.</p>	<p>Пререквизиттері: Әдеби шығармашылық, Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің тарихы Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Жалпы тіл білімі</p>	<p>А) Журналистика ның негізгі ерекшеліктері ажыратып, әдебиет теориясының жанрлық түрлері бойынша терминдердің анықтамасы мен қолданысын мысалдар келтіре отырып түсінеді; В) БАҚ-тың барлық түрлерінің теориялық негіздерін, олардың жұмыс істеу ерекшеліктерін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының әр түрлі конвергенция процесін зерделей біледі; С) Қазақ мультимедиясының өсу кезеңдерімен, жұмыс істеу әдістерімен, телерадиохабар әзірлеудің шығармашылық процесімен, жанрларымен және пішіндерімен танысады; D) Филологиядағы озық ғылыми нәтижелерді игеріп, Е) Ақпараттық коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады.</p>
7	<p>Жаңа медиа жұмысын ұйымдастыру (minor)</p>	<p>Ұлттық баспасөз тарихы туралы сөз болғанда ежелгі түрік бітіктастарындағы рухани мұрамызға соқпай өту өсте мүмкін емес. Бұл адамзат қоғамы әлі қағазды ойлап тауып, тәжірибеде қажетіне жаратып, тұтынбаған дәуірге дейінгі ежелгі түріктердің бұқаралық ақпарат таратудың әдіс-тәсілдері мен идеясын меңгерген бағзы өркениетінен мағлұмат береді. Тас кітаптардың пішіні мен түрлері. Сюжеттік оқиға желісі мен жанрлық белгілері, көркемдік-идеялық мәні мен ақпараттық маңызы, жас мөлшерін анықтау мен жүйелеу үшін полеографиялық, фонетикалық ерекшеліктерінен түсінік беру.</p>	<p>Пәнді оқытудың негізгі мақсаты жаңа технологияны пайдалана отырып, баспасөз мәтінін, аудио, бейне, интернет және басқа да материалдарды даярлап, редакциялау, түрлі типтегі БАҚ-та орныққан норма, стандарт, формат, стиль, технологиялық талаптарды орындау; ақпаратты өңдеуде заманауи компьютерлік бағдарламаларды, мобильді құралдарды және іздеу жүйелерін пайдалана отырып, техникалық және электронды есептегіш құралдарды меңгерту; БАҚ-тың түрлі құрылымдарында, шығармашылық ұжымдарда жұмысты ұйымдастыра білу сияқты</p>	<p>Пререквизиттері: Жасанды интеллект және цифрландыру, Әдеби шығармашылық Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Жалпы тіл білімі</p>	<p>А)Журналистика ның негізгі ерекшеліктері ажыратып, әдебиет теориясының жанрлық түрлері бойынша терминдердің анықтамасы мен қолданысын мысалдар келтіре отырып түсінеді; В) Алдыңғы қатарлы білім элементтерін түсінеді, көрсете біледі; С) Білімін кәсіби деңгейде қолданады; D) Филологиядағы озық ғылыми нәтижелерді игеріп, қызметте іске асыра алады Е) Ақпараттық коммуникациялық технологияларды шығармашылық ұжымдарда еркін қолданады.</p>

			дағдыларды қалыптастыру болып табылады.		
8	Бизнес-риторика және қарым-қатынас мәдениеті (minor)	Курстың мақсаты: студенттерді бұқаралық ақпарат құралдары жұмысының ерекшеліктерімен таныстыру және практикалық мерзімді басылымдарда жұмыс істеу, ұйымдастыру және шығару үшін қажетті дағдыларды игерту. Міндеті: ақпаратты жинаудың журналистік әдістерін практикалық тұрғыда жасап көру; журналистік жанрларды игеру; газет дайындау және өндіріс техникасымен таныстыру; дербес шығармашылық және оқыту дағдыларын дамыту; баспа басылымын өндіру технологиясын меңгеру.	Курсты оқыту барысында көзделетін мақсат бизнес риториканың қалыптасу тарихы, бизнес-риторикадағы белгілі есімдердің өмір жолы, аталған саланың теориясы, концепциялары, танымал ғалымдар мен шешендердің шеберлігі туралы түсінік беру. Сондай-ақ, көпшілік алдында сөйлеудің талаптары мен ережелері; аудиторияның түрлері; әр түрлі жанрдағы пікірлерді ұйымдастыру, құру; іскерлік қарым-қатынастың әр түрлі жағдайларында сөйлеушінің сөйлеу мінез-құлқына қатысты этикеттік талаптарды меңгерту болып табылады.	Пререквизиттері: Қазақ халық ауыз әдебиеті, Шешендік өнер Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Жалпы тіл білімі	А) Тіл мәдениеті және стилистикасын игеру жолында студент өзінің білімін, стилистикалық талдау дағдысын, іскерлік қабілетін дамытып, ана тілінің қасиетін тереңінен таниды. В) Пәнді оқытуда студенттерге лингвистикалық бағыттар және негізгі ұғымдары туралы меңгереді, С) Функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беріледі, D) Көркем мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйренеді. E) Сөйлемдерді толық талдай алатын болады.
9	Журналистиканың теориясы мен практикасы	Пәнді оқу барысында студенттер журналистің негізгі кәсібімен танысады, оның ерекшеліктері, қиындықтары, мамандықтың маңыздылығы игереді. Теле, радио және интернет журналистиканы қоса алғандағы журналистика түрлерін меңгереді. Репортаж түрлері, оны жасау ережелері; кадрдағы журналистің жан-жақтылығы; сұхбат жүргізушінің шеберлігі; жұмыс түрлері; интернеттен түсетін ақпаратпен жұмыс; қажетті ақпаратты ала білу; баспасөз қызметтерін тиімді ұйымдастыра білу шарттары туралы біледі.	Бұл пән журналистика саласының негізгі теориялық тұжырымдамаларын, принциптерін және әдістерін зерттейді, сонымен қатар журналистік қызметтің практикалық аспектілерін қарастырады. Пәннің мақсаты – студенттерге журналистиканың теориялық негіздері мен практикалық дағдыларын меңгерту, олардың кәсіби құзыреттілігін арттыру. Курс аясында журналистика теориясы, оның негізгі бағыттары мен әдістері, ақпараттық процесс, журналистік этика, жазу стилі мен техникасы, репортаж және сұхбат жүргізу, медиа-контентті өндіру мен өңдеу	Пререквизиттері: Журналистикаға кіріспе, «Қоғаммен байланысқа» кіріспе Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Магистратурада оқытылатын пәндер	А) Мамандардың әр түрлі сипаттағы Интернет сайттар үшін веб материалдарды даярлайтын, өңдейтін және тарата алатын біліктілігі қалыптасады; В) БАҚ жүйесіндегі Интернеттің өзіндік ерекшелігін аңғарады; С) Интернет және оның ақпараттық ресурстарының құрылымын; виртуальды құрылымдар, мультимедиа технологияның архитектурасын меңгереді; D) Интернет-журналистиканың жанрлары мен пішіндерін ажыратады; E) Интернет қызметін реттеудің қазіргі заманғы құқықтық жүйесін; желілік жарияланымдардың психологиясын айқындауға көмектеседі.

			сияқты маңызды мәселелер талқыланады. Сонымен қатар, журналистиканың әртүрлі түрлері мен жанрлары, атап айтқанда жаңалықтар, аналитикалық мақалалар, интервьюлер мен сараптамалар, сондай-ақ мультимедиялық және онлайн-журналистика да қарастырылады.		
10	Жалпы тіл білімі	Қазіргі жаһандану үдерісі ғылым салаларының тоғысуы мен бірігуіне ғана ықпал етпей, сонымен қатар тың ғылыми салалардың қалыптасуы мен дамуына да әсер етті. Жаңа бағыттағы лингвистика – тіл білімінің қоғамдық-әлеуметтік орны мен рөлінің күшеюіне орай, адамзаттың ой мен тіл, сана мен сөйлеу, ым-қимыл, таным мен тілдік қарым-қатынас үдерістерінің бірлескен әрекеті нәтижесінде тілші-ғалымдар алдына жаңа идея, тың ізденісті қажет еткен сала. Курстың мақсаты – тіл біліміндегі ақпараттық, танымдық, психо-әлеуметтік теорияның ғылыми негіздерін меңгеру, оның басты тұжырымдары мен негізгі қағидалары арқылы студенттердің ой-өрісін, зияткерлігі мен жан-жақтылығын кеңейту.	Тіл ғылымындағы сабақтастық, оның дамуы жөніндегі қисыны, бірегейлігі мен көп аспектілігі туралы мәліметтермен танысып, жалпы тілдік функциялары мен тіл табиғатын, олардың қоғам өміріндегі рөлі мен мәселелерін, тілдерді зерттеу әдістерінің бүгінгі бағыттарын ажырата біледі, әлемдік тіл біліміндегі жетекші ғалымдардың еңбегімен танысады, жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды жобалауға, дайындауға үйренеді.	Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Ғылыми зерттеу әдістері / Постреквизиттері: Магистратурада оқытылатын пәндер	А) Тіл, таным, сана арасындағы қатынасқа қатысты тіл біліміндегі ғылыми тұжырымдарды меңгереді. В) Тілдің анықтамасын, коммуникативтік, кумулятивтік номинативтік, танымдық қызметтерін талдайды. С)Тілдерді жіктеу принциптері мен жіктемесін меңгереді. D) Қазақ тілінің орфографиялық,орфоэпиялық заңдылықтарын меңгереді. Е)Тіл білімінің терминдерімен танысып, олардың салаларын сипаттай біледі.
11	Әдебиет теориясы	Әдебиет теориясы даму тарихымен, кезеңдерімен таныстыру; қазақ әдебиеті сынын дамытуға үлес қосқан әдебиет, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен таныстыру; көркем әдебиет туындыларын оқуда сыни көзқарас қалыптастыруға үйрету басты мақсат етіледі.	«Әдебиет теориясы» көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар	Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетінің тарихы Постреквизиттері: Магистратурада оқытылатын пәндер	А) Әдебиет теориясының негізгі ұғымдары мен категорияларын біледі. Әдебиет, поэзия, проза, жанр, стиль, фабула, композиция, кейіпкер, тақырып сияқты негізгі терминдердің мағынасын түсінеді. В) Әдеби шығарманың құрылымдық элементтерін талдау қабілеті Шығармадағы сюжет, идея, кейіпкерлер, тілдік құралдар

			мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін ұғынады.		мен композициялық тәсілдерді анықтап, олардың өзара байланысын түсіну. С) Әдеби жанрлар мен стильдер туралы білімі қалыптасады. Эпос, лирика, драматургия, роман, повесть, поэма сияқты жанрлардың ерекшеліктерін білу; әртүрлі стильдер мен бағыттарды танып, олардың әдебиеттегі орнын түсінеді. Әдеби шығарманың тарихи және мәдени контекстін бағалау. Әдебиеттің тарихи даму кезеңдері мен мәдениетпен байланысын түсіну, шығармалардың тарихи және әлеуметтік мәнін талдай біледі. D) Әдеби сын мен талдау дағдыларының дамуы. Әдеби шығармаларды сын тұрғысынан қарау, автордың идеясын ашу және шығарманың эстетикалық ерекшеліктерін бағалау. Талдау мен түсіндірме жазу дағдылары E) Әдебиет теориясына қатысты тапсырмалар мен эсселерді ғылыми тілмен жазу, аргументтерді жүйелі түрде келтіру. Теориялық білімді практикалық қолданады
12	Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі	Қазіргі өзгермелі заманда қазақ тілі пәнінің мұғалімі оқытудың жаңа 7 модулі (Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер, сын тұрғысынан ойлауға үйрету, оқу үшін бағалау және оқуды бағалау, оқыту мен оқуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану, талантты және дарынды балаларды оқыту, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу, оқытуды басқару және көшбасшылық) меңгеріп, оны тілді	Бұл пән қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың теориялық және әдістемелік негіздерін қарастырады; Оқыту технологияларымен, сабақтың формалары мен түрлерімен, оқыту әдістерімен таныстырады. Қазақ тілі мен әдебиетін оқуға қызығушылықты оятатын заманауи білім беру технологияларын саналы түрде таңдауды жүзеге асыруға дайындайды; қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың тұжырымдамалық-әдістемелік	Пререквизиттері: Әдебиет пәндерін оқытудың инновациялық және компьютерлік технологиялары, Шешендік өнер Постреквизиттері: Магистратурада оқытылатын пәндер	A) Жекелеген оқушылардың сабақ тақырыбын қабылдау ерекшеліктерін түсіну, B) Оқушылардың білім-түсініктерін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, C) Кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін жете түсінуі. D) Сыздарлы оқытудың жоғарыдағыдай сипатталып, түсіндірілуі мұғалімнің ой-пайымы мен негізгі көзқарастарын, сондай-ақ сол көзқарас, пікірге қатысты бірқатар баламалы шешімдерді білуін қамтиды. E) Оқу-әдістемелік кешен түсінігі қалыптасады.

		оқытудың тиімділігін арттыруда тәжірибе жүзінде қолдану шеберлігін шыңдауда қолдана алуға үйрету, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін пайдалану.	тәсілдеріне тұтас көзқарас қалыптастырады.		
13	Өндірістік практика	Пән бойынша алған білімдерін қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде қолданылып жүрген жаңа технологияларды меңгеруге, оқытудың әдіс – тәсілдерін келешек кәсіптерінде қолдана білуге үйрету болып табылады.	Студенттерді республикамыздың мектеп, мекемелерінің іс-тәжірибесінде қолданылып жүрген жаңа педагогикалық технологиямен таныстыру; жаңашыл мұғалімдердің оқыту әдістерін оқып-талдауға үйрету; студенттердің педагогикалық ізденіс пен шығармашылық жұмыс істеу қабілеттерін дамыту;	Пререквизиттері: Әдебиет теориясы, Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі Постреквизиттері: Магистратурада оқытылатын пәндер	А) Педагогикалық технологиядағы басты міндет – студенттің оқу-танымдық әрекетін жандандыра отырып, алға қойған мақсатқа толықтай жету. В) Оқу үрдісін жандандыру студенттің оқу материалының теориялық мазмұнын игеру жөніндегі еңбегін тиімді ұйымдастыру; С) Тәжірибелік іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру. D) Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдістерін ұйымдастыруға бағыт беру. Е) Оқу-әдістемелік кешен түсінігін қалыптастыру.
14	Қорытынды аттестаттау	Тіл білімі мен әдебиеті тарихы түсінігі, тіл білімі мен әдебиеті салалары, жазу, оның түрлері, орфография мен орфоэпия, лексикология, фонетика, морфология, синтаксис мәселелері, тілдерді классификациялау, «әдебиет тарихы жөнінде білім беруді көздейді	Тіл білімі мен әдебиетінің тарихына үңілу, негізгі ұғымдарымен таныстыру; тіл білімі мен әдебиеті тарихының негізгі кезеңдері мен бағыттарына тоқталып, тіл білімінің, әдебиетінің салалары, олардың нысаны мен мақсаты туралы білімді меңгерту; тіл білімі мен әдебиеті салаларына тән негізгі ұғымдарды ажырату; тілдердің жіктелуі, жіктеу принциптері, тілдердің пайда болуы т.с.с. мәселелерді игерту; студенттерге тіл білімі мен әдебиетінің салаларына сай білімдерді меңгеруіне мүмкіндік жасау.	Пререквизиттері: Жалпы тіл білімі, Әдебиет теориясы Постреквизиттері: Магистратурада оқытылатын пәндер	А) Студенттер алған білімдерін көркем әдебиеттерді; жазушылар творчествосын, әдеби бағытты, көркем әдісті, стильді; әдеби процестің нақты кезеңдерін; әлемдік әдебиеттің қазіргі заманғы құбылыстарын (модернизм, постмодернизм) комплексті талдаған кезде қолданады. В) Негізгі оқу материалдарын түсіну; тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру; С) Тілдің терең мазмұндық құрылымын тану, D) Тіл мен әдебиеттің ұлттық табиғатын тану, Е) Ұлт өміріндегі рөлі мен қызметін әр қырынан сараптауға үйренеді.